**Қорыта келгенде,** әл-Фараби этикасы біздің халқымыздың бабалар тағылымының жалғасы, әдептік – теориялық ілім негізінің бастауы. Ол ақыл-парасат күші - адамның ойлуына пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш деп білген. Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады. Бұл сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде мінез-құлық-рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін тән кеселін емдеу тәжірибесіне жүгінген жөн. Білімді болу дегеніміз – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу. Білім жолына түскен адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек – мақсаты ақиқат пен әділдік жаратылысынан бейімділігі болады. Аталған шарттарды заманында Платон «Мемлекет» деген кітабында баяндағанын ескерте келе, әл-Фараби, - нәрсе біткенің парқын түсініп ұғынуға келгенде, адам мейлінше зерек, шыдамды да, табанды болуы тиіс. Жаратылысы бойынша ақиқат пен оның күрескерлерін, әділеттілік пен оның жақтастарын сүйетін болуы керек, - дейді. Ғылымды меңгеру ісінде адам өзінің талап-тілегінде дөкірлік пен өзімшілдік мінез көрсетпеуі, асқа, ішімдікке келгенде ашқарақ болмауы, дирхем мен динарды, тағы сол сияқтылардың бәрін жек көретін болуы керек. Жұрттың теріс деп білетін нәрселер жөнінде ол әдеп сақтап, инабатты болуға тиіс. Жақсылық пен әділеттілікке оңай бағынып жамандық пен әділетсіздікке көне бермеуі керек және мұнда мейлінше естиярлы болған жөн, - деп есептеді.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаты. – Астана: ИЗДАТЕЛЬСТВО «Лотос-Астана», 2007 ж.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. «Философияны үйрену үшін алдымен нені білу керек?», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары». – Астана: Издательство «Лотос-Астана», 2007 ж.
3. Канке В.А. Современная этика. – М.: Издательство: Омега-Л. – С.394
4. Әл-Фараби. Саяси-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 3-49, 295-373 бб.
5. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 232-234 бб.

### Резюме

**Абу Насыр Аль-Фараби – основоположник этики**

**Абенова К.А., Нурбекова Ж.А. – Университет «Нархоз», КазНПУ имени Абая**

Правильным путем складывания личности мыслитель считает воспитание человека и его обучение, вследствие которых вырабатываются различные нравственные качества. Мужество, храбрость, беспристрастность, благородство, щедрость и другие качества человека аль-Фараби относит к нравственным качествам. Он так же упоминает врожденные качества совершенного человека такие, как честность, отвращение ко лжи и лжецам, честь, достоинство, благоразумие, доброжелательность и другие. В статье анализируются социальная философия ученого, его этические взгляды. Рассмотрен научный оборот, новые источники сопоставлены с воззрениями аль-Фараби и В.А. Канке, а также с философами Востока.

**Ключевые слова:** этичность, нравственное качество, гуманизм, личность, благородство, человеческое развитие

### Abstract

**Abu Nasir al-Farabi was the founder of ethics**

**Abenova K.A., Nurbekova Zh.A. – University «Narхоз»<sup>1</sup>, KazNPU named after Abay<sup>2</sup>**

The article considered the ethical thought of al-Farabi which was aimed at solving issues arising during training of the individual, to the production of humanistic attitudes and the formation of moral qualities. He believes that everyone should aspire to virtue, and that each should record the virtue, clipping as a skill and Psychology. Beautiful by scandinavian of the individual thinker believes a person's upbringing and training, which produced different moral qualities. Courage, bravery, impartiality, nobility, generosity, and other qualities of al-Farabi to moral quality. He also mentions innate qualities of the perfect person such as honesty, abhorrence of lies, honor, dignity, prudence, benevolence, and others.

And the article analyzes the social philosophy of the scientist, his ethical views. Reviewed the scientific revolution new sources mapped to the view of al-Farabi with the views of V. A. Kanke "Modern ethics" and philosophers of the East.

**Key words:** ethical, moral quality, humanity, identity, dignity, human development

МРНТИ 04.41.21.

## ЖАСТАР САЯСАТЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН БАСТЫ БАҒЫТ

**Джанкадыров С.С.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, (Қазақстан, Алматы)*

Мақалада жастар елдің болашағы ғана емес, бүгінгі екені көрсетілген. Бүгінгі таңда жастар – әлеуметтік-белсенді жастардан құралған, жаңа идеялар генераторы, қоғамның объективті өмірлік күші мен энергиясы болып табылады. Мемлекеттік жастар саясаты туралы қолданыстағы заңнама тарапынан негізгі міндеттер айқындалған, олардың ішінде жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; жастарға көмек беру және әлеуметтік қызметтер көрсету; әлеуметтік маңызы бар жастар бастамаларын іске асыру. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңның мақсаты - әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау және рухани, мәдени, білім алуы үшін кепілдіктер, жастардың кәсіби қалыптасуының дамуы, қоғам мүддесі үшін оның шығармашылық әлеуетін ашу. Мақаланың мақсаты жас азаматтарымызға ауылдағы әлеуметтік сала мамандарына көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың негізгі идеяларын жеткізу.

**Түйін сөздер:** мемлекет, қоғам, топ, ұлт, ұрпақ, бәсеке, құқық, заңнама, жастар, саясат, даму.

**Кіріспе.** Жастар — келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның — дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет. Жастар саясатын жүзеге асыру елді жаңашылдыққа, интеллектуалды бәсекелестікке жетелейді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «кез-келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады», - деген болатын. Сондықтан жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. [1]

Ел болашағындағы басым бағыттарға ең бірінші азаматтылық пен патриотизмді дамытуға, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін жоғарылатуға көп орын берілген.

**Ел болашағын айқындайтын басты бағыт**

Бүгінгі таңда Елбасының қолдауымен мемлекеттік жастар саясаты концепциясы бекітіліп, жастардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділікке деген құлшынысын ояту мен

калыптастыру бойынша кеңінен шаралар қабылданып жатыр. Бұл құбылыстың қос өлшемі бар: ғаламдық және ұлттық.

Ұлттық деңгейде мемлекеттік жастар саясатының жүйелі заңнамалық тұғырын қалыптастыру, жастар саясатының институттарын жетілдіру және осы саладағы министрліктердің салааралық үйлестірілуін қамтамасыз ету шаралары қолға алынған болатын. Осыған байланысты, жастардың қоғамдық-саяси процестерге толыққанды қатысуы, әлбетте, мемлекет пен қоғамның дамуы үшін, жалпы алғанда, маңызы орасан зор. Сонымен қатар, жастардың құрылымы жағынан халықтың күрделі әлеуметтік-демографиялық тобын құрайтынына жіті назар аудару қажет. Жастар әртүрлі мүдделері мен қажеттіліктері бар алуан әлеуметтік топтардың жиынтығы.

Алайда қоғамдық-саяси үдерістердің даму бағыты әрқашанда барлық әлеуметтік топтардың, соның ішінде, жастардың мүдделеріне сай келе бермейді. Ол саяси процестердің күрделі әрі динамикалық сипатта болуымен түсіндіріледі.

Қазіргі таңда жастардың ептеп қоғамдық-саяси салаға тартылуы орасан зор маңызды. Өйткені, жастардың саясатқа араласуы белгілі бір дәрежедегі жастардың алдын-ала шындалуын талап етеді. Өз кезегінде, жастарды қоғамдық-саяси өмірге дайындау мемлекеттің жастар саясатына байланысты. Қазір мемлекеттік жастар саясаты қоғамның стратегиялық әлеуеттерін дамытудың бірден бір басымдығы ретінде қарастырылады. Сол арқылы жастардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуына қажетті жағдай жасалуда. Осыған орай, мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруда студенттер мен жастардың жұмысшы жасақтарын қоғамдағы маңызды жұмыстарға тарту дәстүрін қайта жаңғырту қажет. Сол арқылы мемлекет пен қоғам жастарын жұмыспен қамту мен еңбекқорлыққа баулу сияқты бірқатар өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізді. Осылайша, жастар саясатының даму тенденцияларын, жалпы алғанда, оң деп бағалауға болады. Жастар саясатының нормативтік-құқықтық базасы толығымен дерлік қалыптасты. Оның институционалдық қамтамасыз етілуі күннен-күнге жетілдіріліп жатыр.

Жастар саясаты – ел ертеңін айқындайтын басты бағыт. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Еліміздің келешегі жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді. Ел ертеңі – бүгінгі ұрпақ екенін үнемі жадында сақтайтын жастар Президентіміздің бағыт-бағдар берген сара жолымен ілгері басып келеді. Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізде жастарға білім мен тәрбие беру, оларды барынша әлеуметтік тұрғыда қолдау, ел келешегіне өз үлесін қосатын азамат болып қалыптасуына барлық жағдай қарастырылған. Сондықтан, жастарымыз тек қана «Алға!» деген ұранды ту етіп, бүгінде тек алға ғана ұмтылуы керек.

Егемен еліміз демократия жолымен алға жүріп, әлемде өзіне лайықты орын алу үшін еңбектеніп келеді. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеялармен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне лайықты үлес қосып келетіні қуантарлық. Болашақта ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшінен лайықты орын алатын, еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамның негізгі белсенді күші жастар екені сөзсіз.

### **Жастар саясатының мақсаты**

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы – жастар болғандықтан, бүгінгі жастарымыз – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы болатыны анық. Бүгінгі алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені сөзсіз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты деп білемін. Әрі білімді, бәсекеге барынша қабілетті, сонымен қатар дені сау, яғни, салауатты өмір салтын ұстануы алғышарт болып табылады. Ұлы Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы — Мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. Жүректерінде жалыны, бойларында күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастары күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай, батыстың қитұрқы өміріне еліктемей, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса, бұл керемет болар еді деп ойлаймын.

Қазіргі жаһандану заманында Қазақстан Республикасы – жастардың білім мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. Осы тұста Елбасының мына бір сөзін айта кетудің орны ерекше: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа». [2]

### **Ел болашағының міндеті**

Бүгінгі жастар – мемлекетіміздің ертеңін ойлайтын, ел тұтқасын ұстар азаматтар. Бұл ұлы сөзді Елбасы ешқашан естен шығарған емес. Мемлекет басшысы жастар үшін қазіргі таңда жан-жақты жағдай жасап, үлкен мүмкіндіктер туғызып отыр. Елбасының жастарға деген бағдарлары қазақстандық жастарға



әл-ауқатқа, өмірдің жаңа сапасына қол жеткізуін қамтамасыз етіп, жастарымыздың талпынысы мен білімін жоғарлататыны айқын. Яғни, жастардың әлеуметтендірілуі, инновациялық экономикамызды нығайту мен ғылыми жетістіктерді дамыту бағытындағы маңызды өзгерістердің болуы. Өйткені, әлем дағдарысты бастан кешуде. Тиісінше, қоғамда өте көп қиыншылықтар туындауда. Біздің мемлекеттің міндеті – еңбекпен білім бірінші орынға қойылатын қоғамға келу.

Жастар саясатына берілген анықтама – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі қызметінің аясы болғандықтан, бұл жерде жастарға мемлекет тарапынан әрдайым қолдау көрсетіліп отырылуы қажет.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының жастар саясаты әлеуметтік саясаттың аса жас бағыты болып отыр. Елбасы айтуынша, төрт базалық элемент – кәсіби жақсы білім, жақсы төленетін тұрақты жұмыс, отбасы құруға арналған жеке үйі, салауатты өмір салтын жүргізуге арналған мүмкіндіктің болуы жастар мәселесін шешу қадамдарының бірі.

Қазақстанның болашағы Қазақстан жастарының даму деңгейімен, олардың қоғамға ықпалдасуымен байланысты. Жастар саясатының басымдықтары Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев бастама жасаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясының түйінді мақсаттарының бірі болып табылады. [3,4]

Тәуелсіздік жылдарына, жастарға білім-тәрбие беруде қомақты табыстарға қол жеткізгеніміз баршаға аян. Десек те, бұрын жүргізілген реформалар, негізінен, білім беру саласын қамтып, заман талаптарына сай маман тұлғасын қалыптастыру мәселесіне тиісті көңіл бөлінбеген сияқты. Біз жастарды патриоттық, этносаралық ынтымақ, эстетикалық және этникалық тәрбиелеуде айрықша орын бар, кеменгер қазақ халқының философиялық мәні терең салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұмыта бастадық. Халқымыздың аса бір қасиетті «Үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-анаға қошамет» дейтін қағидатының да жадымыздан өше бастауы өте өкінішті.

Бүгінгі таңда қазақстандық патриотизм еліміз өркендеуінің негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Қазіргі жаһандау заманында тек жоғары білікті маман болып қалу жеткіліксіз. Білікті маман тәрбиелі де парасатты, өз еліне шын берілген жалынды патриот та болуы тиіс. [5, 121 б.]

### **Қортынды**

Жалпы алғанда, қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға, болашақ ұрпақтың қалыптасуы мен жан-жақты дамуына тек арнайы жастар бағдарламалары ғана емес, бүгінде елімізде іске асырылып жатқан білім берудің, денсаулық сақтаудың, тілдерді дамытудың, үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың ауқымды мемлекеттік бағдарламалары: «Жұмыспен қамту – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» жұмыс жасауды. Елбасының тапсырмасына сәйкес ауыл жастарын қолдауға бағытталған «Ауыл жастары» бағдарламасы негізінде «Дипломмен – ауылға» жобасы жүзеге асырылып келеді. Бүгінде жастар мемлекеттің экономикасын көтерілуде қай салада да болмасын нәтижелі еңбек етуі керек. «Мемлекеттік жастар саясаты жастарға еліміздің толық – қанды азаматы болуға жақсы мүмкіндік беруі тиіс. Ол жастар өмірдегі өзінің жеке табысын таба отырып, елі мен Отаны үшін жағдай туғызатын азаматтар болуы тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Ешкім және ешқашан жастардың пікірін сұрамаған». *Жастардың Орталық Азиядағы сәйкестік, оқшаулану және бейбіт болашақтың перспективалары мәселелеріне көзқарасы. Saferworld. Наурыз. 2012.* // [kz1.fatwords.org/safia/](http://kz1.fatwords.org/safia/) // (дата обращения: 17.03.17)
2. Алматы – жастар қаласы. Алматы қ. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру. 2011 ж. // [adilet.gov.kz/kk/node/38995/](http://adilet.gov.kz/kk/node/38995/) // (дата обращения: 17.03.17)
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам. <http://www.kazpravda.kz/c/1341882404/> // (дата обращения: 17.03.17)
4. Калибеков Д. *Современные проблемы молодежи.* // «Вопросы экономики», 2000. №8. - С.18-25//
5. Абсаттаров Р.Б. Елінің мақтаншы ұлы. *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Әлеуметтік және саяси ғылымдар» сериясы, №2(54) 2016 ж. – С.55.*

**Резюме**

**Политика молодежи - это основное направление определяющие будущие страны**

**Джанкадыров С. – КазНПУ имени Абая**

В данной статье показано, что молодежь не просто будущее страны, это ее настоящее. Сегодня молодежь – это одно из самых организованных, социально-активных слоев населения, она объективно является генератором новых идей, жизненной силой и энергией общества. Действующее законодательство о государственной молодежной политике выделило основные задачи, среди которых защита прав и законных интересов молодежи; предоставление помощи и социальных услуг молодежи; реализация социально-значимых инициатив молодежи. Целью Закона «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» является создание социально-экономических, правовых, организационных условий и гарантий для духовного, культурного, образовательного, профессионального становления и физического развития молодежи, раскрытия её творческого потенциала в интересах всего общества. Цель статьи — донести до молодых граждан основные идеи государственной поддержки специалистов социальной сферы на селе.

**Ключевые слова:** государство, общество, группа, нация, потомки, правительство, право, законодательство, молодежь, политика, развитие.

**Abstract**

**Policy of youth is the main direction that defines the future of the country**

**Djankadyrov S. – KazNPU named after Abay**

This article shows that youth is not just the future of the country, it is the present. Young generation for today - is one of the most organized, socially active segments of the population, it is objectively a generator of new ideas, vitality and energy of society. The current legislation on the State Youth Policy has allocated the main tasks, including protection of the rights and legitimate interests of young people; assistance and social services to young people; realization of socially significant initiatives of youth. The purpose of the Law "About state youth policy in the Republic of Kazakhstan" is the creation of socio-economic, legal, organizational conditions and guarantees for spiritual, cultural, educational, professional development and physical development of youth, the disclosure of its creative potential for the benefit of the whole society. The purpose of the article - to get across to young people the basic ideas of the state support of social sphere experts in rural areas.

**Key words:** state, society, group, nation, descendants, government, law, legislation, youth policy, development.

**МРНТИ 04.61**

**ҚОҒАМДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ**

**Иманбекова Б.И. – ҚазМемҚызПУ,**

*қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, саяси. ғ.д., доцент,*

**Карибаева Ж.П. – ҚазМемҚызПУ, «Әлеуметтану» мамандығының 2 курс магистранты**

*(Алматы, Қазақстан)*

Бұл мақалада қазіргі уақытта өзекті болып отырған жеке тұлғаның қоғамдағы орны мен рөлі, тұлғаның әлеуметтенуі мәселелері қарастырылған. Жеке тұлғаның қазіргі жағдайына талдау жасай отырып, ары қарай дамыту және жетілдіру жолдары ұсынылады. Әлеуметтану ғылымы тұлғаның қасиеттерінің қалыптасуының әлеуметтік негізін, тұлғалар типі қоғамында өсетін әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік мазмұнда, яғни жеке тұлғаны қоғамдық өмірдің қайнар көзі ретінде зерттеуге тырысады. Қазіргі кезде өзіндік ойы бар креативті тұлғаны қалыптастыру маңызды болып отыр. Ақпараттық-білімдік құралдар енді тұлғаның жан-жақты қалыптасуына қызмет етуге бағытталуда. Бақылау құралдарының көмегімен тыңдай білетін адамды ғана емес, өзін-өзі бақылай білетін жауапкершілігі бар адамды қалыптастыру да маңызды. Жаһандану, индустриализация және урбандалу процестері қазіргі адамның ойлау технологиясына жағымды ғана емес, сонымен бірге жағымсыз тұрғыдан да әсер етіп, тұлғаны тәрбиелеудегі дәстүрлі, ұлттық құндылықтардың рөлінің төмендеуіне, қазақтардың мәдени теңдестіруінің бұзылуына алып келуде. Әлеуметтенудің жаңа әлеуметтік технологиялары тұлғаның әлеуметтенуіне жаһанданудың және ұлттық-мәдени дамудың, дәстүрлі, ұлттық құндылықтардың тигізетін әсерін есепке алып отыруы тиіс.

**Түйін сөздер:** қоғам, адам, жеке тұлға, әлеуметтену, креативті, индустриализация, технология, ұлттық құндылықтар, жаһандану.

**Кіріспе.** Еліміздің алдында тұрған ғаламдық міндеттерді шешудегі негізгі шарт адами әлеуметтің сапасын жүйелі түрде жақсарту болып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясындағы негізгі стратегиялық басымдықтардың бірі - адами капиталды дамыту болып табылады. Біз жаңа заман үдерісіне төтеп беру үшін адами капиталды сапалы дамытуымыз шарт. Адами капиталды жандандыру арқылы еліміз болашаққа нық сеніммен қарайтыны сөзсіз. Бұл мақсат біздің экономикалық саясаттағы басымдылығымызды айқындап қана қоймай, алдағы бүкіл іс-қимыл стратегиясының негізі болмақ [1]. Қазіргі уақытта өзін-өзі ұйымдастыра, бақылай, жетілдіре білетін тұлғаны қалыптастыру өзекті болып отыр. Ақпараттық-білімдік құралдар енді тұлғаның жан-жақты қалыптасуына қызмет етуге бағытталуда. Анықтамалық әдебиеттерге көз жүгіртсек, тұлға – индивидті сипаттайтын әлеуметтік маңызды ерекшеліктердің тұрақты жүйесі, іс-әрекет ету мен қарым-қатынасқа түсу арқылы адамдардың әлеуметтік қатынастарға түсу жүйесіне енуі мен әлеуметтенуінің рөлі.

Қоғамдағы жеке тұлғаның орны мен рөлі зор. Кез келген жеке тұлғаның әлеуметтік көзқарасы сол кездегі саяси-әлеуметтік процестерден хабардар етеді. Тұлға арқылы, оның саяси-әлеуметтік көзқарастары арқылы қоғамды танып-білуге болады.

Әлеуметтану ғылымы тұлғаның қасиеттерінің қалыптасуының әлеуметтік негізін, тұлғалар типі қоғамында өсетін әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік мазмұнда, яғни жеке тұлғаны қоғамдық өмірдің қайнар көзі ретінде зерттеуге тырысады. Әлеуметтанушылардың көзқарасы бойынша жеке тұлға басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы индивидуалды өмір қызметінің әлеуметтік белгілерін бейнелейтін және сол арқылы қоғамдық қатынастардың дамуы мен тұрақтануына әсер ететін жеке адамдарды білдіреді. Әрбір тұлға қоғамда белгілі бір орынды иемденеді және нақты міндеттерді атқарады [2].

Тұлға - әлеуметтанудың өзекті мәселелерінің бірі, өйткені, қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік құбылыстар мен процестердің, сол сияқты жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінің себептерін, мәнін жеке тұлғалардың мәнді, сипатты белгілері арқылы түсінуге болады. Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады. Осы мақсатта тұлға да ғылымның жеке бір саласы болып табылады.

Адам қоғамсыз өмір сүре алмайды. Барлық адамға тән ортақ қасиет – ол тек қоғамда ғана өмір сүреді. Ол қоғам ішінде ғана нәтижеге жете алады, себебі ол қоғамдық болмыс тәжірибесін бойына сіңіреді. Адам туған күнінен бастап, сол ортадан қол үзбеуі қажет. Осы ортамен тығыз байланыс, қатынаста болып, сол ортаның іс-тәжірибелерін, сапа қасиеттерін өзінің бойына сіңіруі қажет [3]. Егер адам қоғамда өсіп, өмір сүрсе, оның әлеуметтану қабілеті де дами түседі. Егер оның өмірі қоғамнан тыс болса, оның әлеуметтену қабілеті төмен. Адам – тек қоғамда ғана дамып жетіледі.

Жеке тұлға – қоғамның өкілі, қоғамдық қатынастар жүйесіне енген барлық әлеуметтік үрдістерге белсене ат салысқан индивид. Қоғамда өмір сүрген кез келген адам жеке тұлға бола алмайды.

Әлеуметтанушылардың көзқарасы бойынша жеке тұлға басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы индивидуалды өмір қызметінің әлеуметтік белгілерін бейнелейтін және сол арқылы қоғамдық қатынастардың дамуы мен тұрақтануына әсер ететін жеке адамдарды білдіреді. Жеке адам тұлға болып туылмайды, ол әлеуметтік, мәдени даму нәтижесінде қалыптасады. Тұлға мақсатқа талпынушы ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі жетілдіретін адам..

Қоғамдағы кез келген әлеуметтік саяси жүйедегі өзгерістер жеке тұлғаның тікелей қатысуы арқылы жүзеге асады.

Антикалық кезеңде алғаш рет қоғамда адамның алатын орнына назар аударып, адам мен қоғам туралы ілімді теориялық негізге қойды. Адамдардың дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, өнегелері мен өзара қарым-қатынастарын зерделей, фактілерді жалпылай отырып, қоғамды жетілдіру жөніндегі тәжірибелік ұсыныстар мен қисынды аяқталатын тұжырымдамалар жасады.

Әлеуметтану ғылымының негізін салушы О. Конт өзінің позитивті философиясында индивидуализмге қарсы бағыт ұстанып, индивид толығымен қоғамға бағынышты деген көзқарасты қалыптастырды. Конттың позитивизмі жеке адамның дербестігін толық жоққа шығарды.

«Индивид» - нақты адам, адамзаттың әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерінің нақты таратушысы, адамзат тегінің жеке өкілі.

«Жеке тұлға» - нақты адамның дамуының нәтижесі, адамдық сапаларының толығымен көрінуі.

Қоғамдағы саяси-әлеуметтік, экономикалық процестердің асуына әрбір индивидтің ықпалы бар деп айту қиын. Ал жеке тұлға осы үрдістерге тікелей ықпал етеді.

Жеке тұлға әлеуметтік қоғамдық қатынастардың жемісі ғана емес, ол сонымен қатар әлеуметтік іс-әрекеттердің маңызды субъектісі болып саналады. Әлеуметтік жүйенің барлық салаларында, экономикада,

саясатта, рухани өмірде әрдайым көрініп тұрады. Тұлғаның әлеуметтенуі қоғам мен жеке адамның әлеуметтенуінің бірігуінен тұрады. Қоғам адамды қалыптастыратын болса, адам қоғамды қалыптастырады.

Қазақстан қоғамында жаһандық процестердің әсерінен тұлғаның теңдестіру дағдарысымен байланысты ситуация қалыптасты. Өз этносының мәдени үлгісінің жеткіліксіздігі жағдайында басқа мәдениеттердің құндылықтарына баса назар аударып, индивид өзіндік мәдени теңдестіруін жоғалтып алды. Өз халқының дәстүрлі мәдени құндылықтарын ұмытып, жасанды теңдестірумен айналысып, маргиналға күйге түсті. Сондықтан да Қазақстан социумының ұлттық мүддесі мен дініне сәйкес келетін тұлғаның әлеуметтенуінің жаңа концепцияларын қалыптасу маңызды болып табылады. Этносаралық және конфессия аралық келісім мен диалогты нығайту, азаматтардың бір-біріне деген толеранттық қарым-қатынасын қалыптастыру үшін этникалық қауымдастықтардың психологиясы мен ділінің ерекшеліктерін меңгерген жөн [4].

Қазір жаһандану жағдайында жеке тұлғаның орны ерекше болып отыр.

Қазіргі кезеңде Қазақстан қоғамының экономикалық, саяси және әлеуметтік сфераларында болып жатқан түбегейлі өзгерістер қоғамның алдына қойып отырған мақсаттарына сапалы креативті тұлға қажет екендігін көрсетіп отыр. Қоғам мен тұлғаның дамуы – өзара байланысты процесс. Бұл – адамзат қоғамының өркениеттілікке қадам басуының негізгі көрінісі [4].

Әлеуметтануды бірінші кезекте ортақ мәселе қызықтыратын болғандықтан, жеке адамға қатысты әлеуметтанудың түбегейлі проблемаларының бірі - әлеуметтену процесі болып табылады. Әлеуметтену қоғамдық тәжірибені индивидтің меңгеру және белсенді өндіру үрдісі, соның нәтижесінде ол жеке тұлға болып қалыптасады және өмірге қажетті білімді, дағдыны, ептілікті меңгереді, демек, белгілі міндеттерді шешу барысында олармен қарым-қатынас және іс-әрекет жасау қабілеттілігі деп түсінеміз.

Әлеуметтенудің мәні адамды өз қоғамының мүшесі етіп қалыптастыратындығында. Кез келген қоғам өзінің әлеуметтік, мәдени, діни, этикалық мұраттарына барынша сай келетін адамның белгілі бір типін қалыптастыруға тырысып келген және тырысады. Алайда бұл мұраттардың мазмұны тарихи дәстүрлерге, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуға, қоғамдық және саяси құрылымға қарай әр түрлі болады. Дей тұрғанмен, қазіргі заманда қоғамның толыққанды мүшесінің мұраты көп, жалпы немесе әр түрлі қауымдастықтар үшін азды-көпті үйлесетін сипаттамасы бар екенін айтуға болады. Соған сәйкес әлеуметтену процесі де әр түрлі қоғамдарда белгілі бір ерекшеліктерді сақтай отырып, әмбебап және үйлесімді сипаттамаға ие болады [5].

Егер де әлеуметтену процесінде адамның жеке тұлғасы дамитын болса, онда ол адам үшін сәтті әлеуметтену болады.

Қазіргі уақытта әлемдік жаһандану процесі тұлғаның әлеуметтену жағдайларына үлкен әсерін тигізуде. Жаһандық мәселелер жалпыадамзаттық сипатқа ие болып, ғаламдық масштабта көрінуімен, кешенділігімен және динамизмімен ерекшеленеді.

### **Қорытынды**

Жеке тұлға әлеуметтануының мағынасын қарастыра келе мынандай негізгі қорытынды жасауға болады. Жеке тұлға – әлеуметтанудың өзекті проблемаларының бірі, өйткені қоғамдағы болып жататын әлеуметтік құбылыстар мен процестердің себептерін, мәнін жеке тұлғалардың мәнді сипатты белгілері арқылы түсінуге болады. Жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады. Қандайда бір қоғамда адамның әлеуметтік жүйедегі орны бар. Ал қоғамның адамға белгілі бір талап қоюы оның әлеуметтік рөлінің мазмұны мен мәнін құрайды. Әлеуметтену дегеніміз – үздіксіз жүретін әлеуметтік үрдіс. Егер де әлеуметтену процесінде адамның тұлғасы дамитын болса, онда ол адам үшін сәтті әлеуметтену болады. Әлеуметтену процесінің нәтижесінде адам жеке тұлғаға айналады. Қорытындылай айтқанда, жеке тұлғаның қоғамда алатын орны ерекше. Әсіресе, білім, бәсекеге қабілеттілік, кәсібилік, іскерлік, креатив, еңбек, денсаулық сақтау секілді маңызды дүниелерді ұстаным еткен жас ұрпақ өздерінің өмірін дұрыс ұйымдастырумен қатар, мемлекет дамуына елеулі үлес қосатыны анық. Осылайша, сәтті әлеуметтену үдерісіне қол жеткізген кез келген жас өмірде өз жолын тауып, Абай айтқандай, «өмірге кірпіш болып қаланады».

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2050 жылғы стратегиясы. – Астана, 2012. Президент Жолдауы
2. Әбсаттаров Р.Б., Дәженов М. Әлеуметтану. – Алматы, 2007. – 123 б. -оқулық

3. Жүсіпова А.Д. Әлеуметтану негіздері. – Алматы, 2012. – 140 б. - Оқулық.
4. Әбдікерова Г.О. Тұлға әлеуметтануы. – Алматы, 2009. – 161 б. - ЖОО арналған оқулық
5. Тәжсин М.М. Әлеуметтану. – Алматы, 2005. – 44 б. - Оқулық

### Резюме

#### Место и роль личности в обществе

Иманбекова Б.И., Карibaева Ж.П. – КазЖенПУ

Личность – устойчивая система социально значимых черт, характеризующих индивида, продукт социализации и включения людей в систему социальных отношений посредством деятельности и общения. Общество – самоувековечивающееся объединение людей, занимающее относительно ограниченную территорию, обладающее собственной более или менее отличительной культурой и институтами, либо давно или хорошо известное национальное. В современных условиях роль личности в обществе становится все значительнее, в связи с этим все чаще возникает проблема свободы и ответственности личности перед обществом. Личность имеет возможность наблюдать и осмысливать определенные общественные процессы и явления, оценивать их с позиций своего социального положения и соответственно участвовать в решении вопросов, находящихся в сфере её деятельности. В этом смысле личность может быть представлена как многофункциональный социальный субъект. Социализация представляет собой совокупность агентов и институтов, формирующих, направляющих, стимулирующих, ограничивающих становление личности человека.

**Ключевые слова:** общество, человек, личность, социализация, индустриализация, креативный, технология, глобализация.

### Abstract

#### Place and role of the individual in society

Imanbekova B.I., Karibaeva Zh.P. – Kazakh State women's teacher training University

Personality is a set of individual differences that are affected by the development of an individual, product of socialization and people including in social relation system within activity and communication. A society – unity of people, with limited territory and distinctive culture and institution or national features. In contemporary the role of personality has been more crucial, and that is why a problem of liberty and responsibility of personality has been one of the biggest problem. The personality has possibility to observe and think about social processes and phenomenon. And to mark their from own social position and to take part in problem solving. In this point a personality shows as multifunctional social object. A socialization shows as complex of agents and institutions

**Key words:** society, personality, individual, socialization, industrialization, globalization.

# ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ

МРНТИ 02.15. 51

## К ЭКОЛОГИИ ЧЕЛОВЕКА И ЕГО ЛИЧНОСТИ. РЕАЛЬНЫЕ И ГРОЗЯЩИЕ ОПАСНОСТИ

Абсаттаров Р.Б.<sup>1</sup>, Рау И.А.<sup>2</sup>

*член-корреспондент НАН РК, доктор философских наук, профессор,  
заведующий кафедры политологии и социально-философских дисциплин  
КазНПУ им. Абая<sup>1</sup> (Алматы, Казахстан)*

*доктор философских наук, профессор Академии ведущих кадров Бундесфера<sup>2</sup> (Гамбург, Германия)*

В статье рассматриваются актуальные вопросы экологии человека и его личности, реальные и грозящие опасности, которые еще недостаточно изучены в социально – политической и философской литературе. Вместе с тем, в статье уделено внимание и дискуссионным вопросам.

**Ключевые слова:** человек, личность, человечество, общество, государство, наука, этика, общения, экология, радиация, антропологизм, эволюция, клонирование, сознание, химера, организм, ответственность.

**Введение.** В глазах современного читателя, безразличного к религии, вес могут иметь только разумные научные аргументы без ссылок на метафизические принципы. С этой установкой авторы отбирают доводы, убедительные для любого здравомыслящего человека, независимо от его мировоззренческой ориентации. Представления людей о будущем, о его возможности действуют на поведение человечества сегодня и тем самым определяют его дальнейшее существование.

И вот перед нами два представления о будущем. Эрнст Блох (Bloch E.) в своём труде "Принцип надежды" утверждал, что *утопический горизонт* мышления придаёт человеческому существованию смысл и цель [1]. Кратко содержание этой хорошей книги сводится к словам некогда широко известной советской песни "Мечтать, надо мечтать...". Иной подход у Ганса Йонаса (Jonas Hans) в его знаменитой книге "Принцип ответственности" [2]. Он напоминает, что при оценке будущего всегда важнее обращать внимание не на лучший, а на худший прогноз. Это означает, в частности, что надо скорее пренебрегать некоторыми возможностями прогресса, ради сведения риска катастрофы к минимуму.

Современная цивилизация нуждается в *новой этике*, утверждает Йонас. Это объясняется принципиальными изменениями в отношении современного человечества к собственному будущему. Ни одна из цивилизаций не располагала техническими возможностями, ставящими под угрозу существование человечества как такового. И никогда прежде деяния людей не имели столь долгосрочных и столь глобальных последствий. И в моральных оценках последствий своих действий мы уже не можем руководствоваться только ответственностью перед современниками. Мы должны принимать во внимание и ответственность перед будущим человечеством. Нельзя руководствоваться метафорой "После нас хоть потоп".

Традиционная светская этика при рассмотрении обязанностей чаще всего прибегала к принципу взаимности. Он сводился к старинному правилу, идущему ещё от Конфуция: не делай другим того, чего не желаешь претерпеть от других сам. Принцип, конечно же, как и все остальные "принципы" межличностного общения, вовсе не универсален: может быть "Я" (индивидуальное или коллективное) как раз и *желает "претерпеть"*. Но Йонас о другом - будущие поколения ничего не могут с нами сделать, а мы им - можем. Принцип взаимности в этом отношении не работает. Мы должны перед ними добровольно отвечать независимо от того кто бы они не были и что бы они не были. Мы должны отвечать за продолжение существования человечества независимо от того, каким бы оно ни стало? Тезис смелый и сомнительный. Предлагаем об этом юристам порассуждать, людям, стоящим на почве реальной социальной практики.

Современное общество с лёгкой руки немецкого социолога Ульриха Бека (Ulrich Beck) всё чаще называется "обществом рисков" ("*Risikogesellschaft*"). При этом обозначении имеется в виду, что и государство, и учёные, преследуя хорошие и для всех очевидно полезные цели, не могут осознавать дальние последствия своих действий и их масштабность. Автомобиль полагался идеалом совершенствования мобильности населения, а оказался ужасающим загрязнителем воздуха во всех больших городах; АС полагались как гарант энергетической обеспеченности быстроразвивающихся обществ, а оказались и источниками невидимого, неслышимого, необоняемого и неосязаемого облучения, порождают в массовом порядке радиоактивные отходы, которые надо хранить в надёжных укрытиях сотни и даже тысячи лет. Немецкие политики приглашавшие для восстановления страны "гостевых рабочих" ("*Gastarbeiter*") - мусульман вовсе не предполагали не могли предполагать, что они и через десятилетия не только не ассимилируются, но и превратятся в лице своих экстремистских представителей в нарастающий фактор риска. Хорош был замысел учёных - обеспечить *бездетную пару* собственным ребёнком. И что получилось, кроме желанного ребёнка? Священный акт продолжения жизни уже не связан с тем, что мужчина и женщина находятся на одном и том же месте. Факт порождения можно организовать в лаборатории. А биологические родители могут уже и не жить в одно и то же время. Появляются дедушки, внуки которых появились после смерти их сыновей и дочерей и т.д. В связи с эти возникают почти неразрешимые морально-нравственные, юридические, религиозные, социальные и даже чисто биологические проблемы: ребёнок голландца не просто выращивается в теле суррогатной матери из Индии, но и приобретает некоторые свойства этого тела. В целом действует правило: сначала делают, потом думают; сначала создают ситуацию, не списывающуюся ни в какие прежние устоявшиеся и апробированные тысячелетиями истории нормы, а потом придумывают к этой ситуации новые "нормы".

И радиация, и нагревание атмосферы Земли - это феномены, которые обычными органами чувств человека не отражаются и приходится полагаться на информацию, точность и надёжность которой большинство людей проверить не может [3]. И, как мы далее покажем, то же самое происходит с людьми "из пробирок", которых становится всё больше и не только потому, что в высокоразвитых странах женщинам да 25 - 30 лет рожать неохота или ребёнок мешает карьере.

Вместе с экономическим, социальным и идеолого - политическим усложнением современного общества, вместе с нарастанием научного знания и технико-технологического прогресса парадоксальным образом в обществе и в целом на Земле нарастает ненаблюдаемое, неосознанно и ненамеренно сделанное. А это означает, что в обществе и на Земле нарастает не упорядоченность, как многим мнится, а *хаос*. Он проявляется в более быстро нарастающих противоречиях между поколениями, между сторонниками национальных государств и глобалистами-космополитами, между мигрантами и коренными жителями национальных государств и т.д.

И самое страшное для рядового человека: никакое национальное государство не в состоянии обеспечить ему безопасность от многих рисков, порождённых или совокупным человечеством (в одних частях его молодые женщины рожают усиленно, а в других - совсем не рожают или крайне неохотно и недостаточно) или же отдельными могучими странами. Например, проблема массового переселения с Ближнего Востока в ЕС /а куда ещё им переселяться?/. Не в США же с их агрессией против стран региона или с их поддержкой "вооружённой оппозиции" /термин, насквозь пропитанный лицемерием, не вмещающимся даже и в без того лицемерные каноны современной "демократии" и "политкорректности" ЕС и США/.

Нарастающие исследования будущего человека и человечества связаны не только с теоретическими интересами, но и со стратегией экономического, социально-политического и научно-технического развития. *Планетарная эволюция* с моментами "революционных", скачкообразных изменений не закончилась с появлением человека и человечества в их нынешнем виде. Господствующие и поныне в общественном сознании *антропоморфизм* и *антропоцентризм* препятствуют осознанию этого факта. Людям трудно абстрагироваться от сознания своей исключительности, хотя они и есть лишь один из этапов (счастливых или несчастных для природы) эволюции материи Земли и Вселенной.

Антропоморфизм и антропоцентризм тесно связаны с *антропологизацией*. Последняя подразумевает, среди прочего, распространение некоторых человеческих свойств на нечеловеческие или технические объекты. Примерам такой антропологизации может служить экспрессивность кино, сама идея, что машина (устройство по переработке энергии) или компьютеры (устройства по переработке информации) могут обладать экспрессивностью, присущей человеческим существам. Раннее кино было связано с первобытными практиками анимизма и тотемизма, с верой в способность вещей оживать и двигаться,

преследовать цели. Эту связь отмечал и Эйзенштейн, её можно рассмотреть и на основе философии Ари Бергсона в его "Творческой эволюции".

Но свою перевернутую вершину (вершину вниз) антропологизация достигает в *концепции трансгуманизма*. В российской философии техники провозвестниками этой концепции были П.К. Энгельмейер, И.Б. Литенецкий, А.Бондарь, Н.Бостром и др., а решительным противником - В.Розин. Так Н.Бостром пишет: "Постчеловек - это потомок человека, модифицированный до такой степени, что уже не является человеком. Многие трансгуманисты хотят стать постлюдьми... Постлюди могут оказаться полностью искусственными созданиями (основанными на искусственном интеллекте) или результатом большого числа изменений и улучшения биологии человека или трансчеловека. Некоторые постлюди могут даже найти для себя полезным отказаться от собственного тела и жить в качестве информационных структур в гигантских сверхбыстрых компьютерных сетях" [4]. Но жизнь ли это - быть "элементом" информационной структуры? Не быть индивидуальностью, личностью, не иметь ни какой свободы с тем, чтобы быть "бессмертным" элементом!? Нет уж, оставим это псевдобытие "постлюдям".

В то же время утверждение, что человек есть "венец творения" вряд ли подходит научному подходу к миру. Появление человека есть одно из ключевых, наряду с появлением жизни, звеньев в эволюции Земли [5]. Будущее человека лежит как в совершенствовании человеческого организма и тела, так и в совершенствовании его "ноу" (интеллектуальных и духовных возможностей), и в нарастающем синтезе этих двух "совершенствований" при условии сохранения среды обитания.

Человечеству грозят в нарастающей степени всё большие *угрозы*, идущие как от самих людей и изменений в окружающий их социальной и природной среде, а так же в среде космической. Многие авторы полагают, что и до появления человека на Земле произошло *не менее пяти катастроф* для живых существ на планете [6]. Они были вызваны как биологическими, так и геологическими и космическими причинами [7]. Но главная угроза для высших форм жизни и человека в ближайшее столетие идет от самого человека: от его рассудка и разума - главных движителей технико-технологического и социального прогресса, отставания от этого прогресса морально-нравственного совершенствования людей.

В известной степени это совершенствование зависит от изменения нашего отношения к высшим животным, в том числе и домашним. Исследования не только приматов, но и многих других высших животных в последние десятилетия показали, что прежние разделительные границы между человеком и высшими животными стремительно смещаются в сторону сближения психической жизни этих животных с таковой у человека. На место этих мнимых абсолютных границ выступает опыт обнаруженных различий в формах и степенях развитости психической жизни у человека и высших животных.

Сегодня вновь полученные знания приводят к изумлению и даже к испугу относительно того, насколько ощущения, эмоции, формы коммуникаций у этих животных и иные психические их свойства схожи с человеческими. Всё более на первый план у специалистов выходит убеждения, что эти свойства отличаются от человеческих не качественно, а количественно, не по сущности, а по формам выражения. Испуг связан с усиливающимися подозрениями, что мы вместе со многими домашними животными "кушаем" индивидуальности и даже личности. Они общаются и думают иначе, чем мы и мы не можем их психическую жизнь до конца понять. Но может возрасть чувство ответственности за уменьшение страданий у представителей этой формы жизни [8].

### **Опасности клонирования человека**

Уже произведено огромное количество клонов животных и создание клона человека становится всё более реальной возможностью, а может быть уже и стало действительностью, скрываемой пока от общественности.

Один метод клонирования, т.е. получения генетической копии оригинала - это удаление ядра из яйцеклетки одного организма и внедрение в неё ядра из любой клетки другого организма. Исключение - половые клетки. Гены знаменитой овцы Долли были взяты из дифференцированных (соматических) клеток, а не из половых или стволовых [9]. Этот метод называется "*перенос соматического ядра*" ("somatic cell nuclear transfer"). Организм, полученный путём клонирования, будет идентичным организму донора ядра клетки.

Другой метод клонирования - искусственное *разделение клеток эмбриона на восьми клеточной стадии развития*. Именно на этой стадии развития эти клетки имеют способность развиться в полноценный организм. Эта операция подобна существующему в природе механизму создания близнецов. В этом случае теоретически можно создать до восьми клонов, которые организменной не будут отличаться друг от друга [10].



*Терапевтическое клонирование* проводится на уровне клеток и к возникновению самостоятельного человеческого организма не приводит. Такое клонирование разрешено во многих странах (Великобритания, Япония, Китай, Индия, Сингапур и др.). *Репродуктивное клонирование* могущее привести к созданию самостоятельного человеческого организма, законодательно запрещено в большинстве развитых стран мира, зафиксировано в Хартии Европейского союза по правам человека (ст. 3.2). В США не существует федерального запрета на клонирование человека, запрещено финансировать подобные исследования из федерального бюджета. Каждый штат сам устанавливает законы в этой области, а в штате Невада отсутствует какое-либо законодательное регулирование этого вопроса.

В России действует Федеральный закон от 20 мая 2002 г. № 54-ФЗ "О временном запрете на клонирование человека". В 2010 запрет на клонирование человека в России был продлён. Декларация о клонировании человека была принята Генеральной Ассамблеей ООН в 2005 г. Все государства были призваны не клонировать человека. Клонирование человека несовместимо с человеческим достоинством.

В клонировании принимают участие донор генетического материала, донор яйцеклетки и суррогатная мать, которая должна выносить эмбрион. В связи с клонированием возникает множество вопросов: кто будет решать, кого можно клонировать и в каком количестве, а кого - нет; будет ли это решение в руках государства или частных лиц (организаций); кто будет иметь право использовать клоны (медики, военные, спецслужбы и др.).

В последнее десятилетие не раз появлялась окончательно не подтверждённая информация о клонировании людей [11]. В официальной науке и официальных органах считается, что этого пока не произошло. Клонирование человеческого материала пока достоверно осуществляется лишь на клеточном уровне. Клонирование, создание целых организмов животных длится уже десятилетия, успев приобрести массовый характер. Для клонирования человека ныне существуют, несмотря на некоторые технические трудности, все возможности для клонирования человека. Официально препятствуют реализации этой возможности законодательные, моральные и религиозные запреты.

Полагать можно, что эти *запреты* если уже не преодолены, то в ближайшее время это произойдёт: научная любознательность, амбиции, желание стать заметным и богатым, получить власть и др. мотивы "толкают" к этому. Есть люди, желающие "удвоить" себя и после завершения жизненного цикла исходного организма жить вторым, или воскресить близкого умершего. При этом забывают, что и самый удачный клон был бы только копией *организма* человека, а не всего человека со всеми его индивидуально - культурными и личностными особенностями. Широко распространяется и идея создания клонов как "запасных тел" для ремонта исходного собственного тела. Полагают, что этим была бы радикально решена проблема отторжения чужого присаженного органа: теперь он был бы своим. Проблем было бы меньше если бы этот ваш клон был *безмозглым* (без головного и спинного мозга). Но тогда он не был бы и клоном: мозг - неотъемлемая часть человеческого организма. И, как всё более подозревают специалисты, уже от рождения часть с не только биологическими функциями.

**Негізгі бөлім.** Білім беру - психология, философия, тарих, экономика, әлеуметтану сияқты бірқатар ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылды. Олардың әрқайсысы бұл ғылымды мамандану шегіне дейін зерттейді. Сонымен қатар білім беру жүйесі, білім алушылар мен оқытушылардың саны, жекелеген нысандар, инфрақұрылым, білім беру, оларды басқа елдермен салыстыру сияқты ақпараттарға сүйене отырып, әлеуметтану басқа да ғылымдар сияқты қорытынды ақпарат жасайды. Білім беру мәдениеттің де маңызды жүйесі болып табылады. Қоғамдық ғылымдардың білім ісіне көп уақыт араласа қоймағандығына байланысты педагогика ғылымының иығына түскен қоғамдық жауаптылық өте салмақты болып келген. Білім институттары жұмысын реформалау ісінің тапсырушысы қоғам мен мемлекет болғандықтан, тапсырысты орындаушы педагогика ғылымдары өкілдері күтілген өзгерістердің саяси және әлеуметтік мәні мен мазмұнын түсінуге тырысты. Әлеуметтану ғылымы педагогика мен психология ғылымдарына қарағанда отандық тәжірибеде көп шеттетіліп, қысым көрді. Ресейде білім әлеуметтануы проблемалары ХХ ғасырда пайда болды. 1920-жылдары кеңестік әлеуметтанушылары зерттеулерінде жұмыс жасайтын жастарды оқыту, жаңа зиялы қауым дайындау туралы, сауатсыздықты жою бағдарламасын іске асыру туралы ұсыныстар жасаған болатын. (Е.А. Кабо, Л.Е. Минц, В.С. Овчинников және т.б.). Білім әлеуметтануы 1960-1970 жылдардың басында тереңірек дами бастады. Ф.Р. Филиппов, В.Н. Турченко, В.Н. Шубкина жұмыстарында білім әлеуметтануының өзекті мәселелері алғашқы болып талданды. Кейінірек бұл топты кеңестік әлеуметтанудың көрнекті өкілдері Н.А. Аитов, М.Х. Титма, В.Т. Лисовский, В.И. Файнбург сияқты ғалымдар толықтырды. Содан кейін білім әлеуметтануы өз ықпалын кеңейтті: жоғары мектеп проблемаларына Л.Я. Рубино, С.И. Григорьев, В.Г. Харчева, Ю.Леонавичюсов зерттеу жүргізді, орта мектептің оқушылары мен ұстаздары жайлы – Л.Г. Борисова, Ф.Г. Зиятдинова, А.М. Гендинова, М.И. Сергеев, кәсіптік білім проблемаларын А.Овчинников, Д.Л. Дмитриев, И.Бестужев-Лада, В.Э. Щерега қарастырды. [1] Олар білімнің әлеуметтік қызметтерін, оның экономикалық және саяси процестермен байланысын, сонымен қатар әлеуметтану көзқарасы бойынша оқу орындары мен педагогикалық процестерді зерттеді.

Э.Дюркгейм білім берудің социологиялық қырларын анықтап берді. Өзінің біршама еңбектерінде ол білім берудің функционалистік айқындамасын дамытты. Ең алдымен, Дюркгейм білім беру жүйесінің өзекті қызметіне назар аударады. Осындай маңызды қызмет ретінде әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қарастырады. Оның пікірінше қоғам оның мүшелері арасында бірлік болған жағдайда ғана өмір сүріп кете алады. Білім беру арқылы оқушыларды оқу процесі кезінде соған қалыптастырады. Мұндай әлеуметтік өмірге деген көзқарастардың бірлігі болмаса, ұжымдық тұрмыс, ынтымақтастықтың болмауы

да ықтимал. Кез келген қоғамның алдында тұрған мәселе индивидтерден құрылған бұқараны біріктіріп, белгілі бір әлеуметтік тұтас бірлікке қатысын анықтау. Қазіргі білім берудің формальды жүйесі атқарып отырған функциясы кез келген (отбасы немесе құрдастар) әлеуметтік институт орындай алмайды. Өйткені отбасы мүшелері туыстық қарым-қатынастармен бекітілсе, ал құрдастар арасында ол жақын адамды өзі таңдайды. Алайда, ірі қоғамда мемлекет немесе тап, ұлттық немесе кәсіби деңгейде басқа принциптерге орай негізделеді. Білім социологтарын әр мектептің жеке ауқымында қарастырған жөн болар.

1938 жылы Дюркгейм қайтыс болғаннан кейін көп жылдар өткен соң Парижде оның «Эволюция образовательной мысли» атты еңбегі жарық көрді. Онда оның білім беруге байланысты гуманистер идеалының тарихи логикасы болғандықтан атап өтетін бірнеше өте керемет идеялары ұсынылды. Мысалы 17-18 ғасырда Францияда өз еңбектерін бірінші кезекте ұсынған әдебиетшілер, философтар, ғалымдардан тұратын белгілі интеллектуалдық элита қалыптасқан болатын. Осы орта сол кезеңнің интеллектуалдық процесіне орай аталатын есімдерді дүниеге әкелді. Білім берудің міндеті осы бір интеллектуалдық қабат үшін адамдарды әзірлеу болды. Міне, осындай білім берудің анық элитарлық теориясы миллиондаған қарапайым адамдарды есепке алмай тастады. Бір жағынан демократиялық өзгерістер тұсында да білім берудің гуманистік моделі білім берудің ғылыми социологиялық теориясымен ешқандай ұқсастық таппады. Білім берудің гуманистік адам табиғатының жақсаруына, әр адамның бойында адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына негізделген. М.Вебер, Э.Дюркгейм секілді білім әлеуметтануын тыңдаушылардың әлемдік мүмкіндіктері мен көзқарастарын біріктіру және де ұрпақтар арасындағы көпір іспеттес тұрғысынан қарастырды. Бірақ айта кететін бір жайт, Вебер, Дюркгеймге қарағанда білім әлеуметтануының тек қана білім беру қызметін ғана емес сонымен қатар оның арнайы мамандық бойынша да даярлайтын қызметін атап көрсетті. Бірақта Дюркгейм тыңдаушылар мақұлдайтын қоғам арасында тұрақтылықты қамтамасыз ететін жалғыз идеалдың бар екеніне нық сенді, ал Макс Вебер оның бұл ойын құптамады. Оның ойынша онда идеалдың бар болуы мүмкін емес, себебі қоғам арасында түрлі кикілжіңдер өте көп, және болашақта ондай идеалдар болмайды, өйткені олар құрылатын құндылықтардың арасындағы қарама-қайшылықтар әрдайым болады деп санады. Макс Вебердің ойынша жеке адамдардың, топтардың статусын, орнын, атқаратын функциясын өзгертуге білім аса маңызды рөл атқаруда. [2] Жоғары білімі, не арнайы білімі бар адамдардың ой еңбегі саласында орын алатын кәсіби мамандықтары бар. Ал арнайы білімі бар адамдардың статусы төмен, олардың көпшілігі төменгі тапқа, яғни кедей тапқа жататынын бекерге шығаруға болмайды. Социологияда функционалистік дәстүрді айтарлықтай дамытқан Т.Парсонс болды. Парсонстың көзқарасы басқаша. Ол Дюркгейммен білім беру жүйесі индивидті қоғаммен байланыстырудағы әлеуметтендіруші рөлінің маңызына орай келіседі. Бірақ Парсонс отбасы және білім беру мекемелерінде әлеуметтендіру ерекшеліктерін жеке-жеке талдап көрстеді. Білім социологиясының орталық проблемасы «интеллект коэффициенті» деп аталатын орны мен рөлін бағалаумен байланысты. Адамдар табиғи дарындылығымен айтарлықтай ерекшеленеді. Осы орайда интеллект деген ұғым абстракты ойлауды нақты түрде білдіреді.

**Талдау.** Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін зерттедік. Соның ішінде жоғарғы білім беру жүйесіне мән берілді. Білім әлеуметтануына концептуалдық анализ жасадық. Бұл тақырыптың ертеден бері қарастырыла бастағанына қарамастан, онда талас тудыратын мәселелер өте көп. Ресейде әлеуметтанушыларды кәсіптік даярлау жаңа ғана басталып, алғашқы мамандарын енді ғана ұясынан ұшырған болса, 30-жылдары теориясын шындыққа негіздеу өзінің табиғаты болып бұл ғылым репрессияның қаһарына ілігіп, аты жойылды. Қоғамдық ортаға тек 60-жылдардың аяғы, 70-жылдардың басында ғана қайта оралды. 80-жылдары бұл ғылымды дамыту шындап қолға алынды. Білім социологиясы 19-ғасырдың соңғы онжылдықтарында негізделгенімен (Э.Дюркгейм), екі әлеуметтік-саяси жүйе капитализм мен социализмнің идеологиялық қарама-қарсылығы жағдайында батыстың ғылыми жаңалықтары отандық ортаға жетпей жатты. Ғылымдар арасындағы жасанды бөгеттің аластатылуы 90-шы жылдардың үлесіне тиді. Аталған қиындықтарға қарамастан отандық әлеуметтану теориялық, методологиялық тұрғыда тез есейіп, батыстағыдай жекелеген методологиялық және мазмұндық бағыттарға бөшектенуден аман қалып, біртұтас іргелі ғылым болып қалыптасып үлгерді. Қазақстандағы социология ғылымының дамуы осы жылдармен тікелей байланысты болды. Елімізде білім социологиясы зерттеулері бұғанға дейінгі гуманитарлық ғылымның теориялық, методологиялық қол жеткен табыстарын негізге ала отырып жүргізілді. Білім социологиясының ірі тұлғасы, Тыныштық Қалдыбаеваның әлеуметтік зерттеулерін ерекше атап айтсақ болады.

**Қолданылған құралдар.** Қазақстан Республикасы заңнамалық құжаттарына, ғылыми әдебиеттерге контент – анализ жасау жолымен концептуалды анализ жасадық. Білім әлеуметтануы - білім жүйесінің белгілі бір заңдылықтары арқылы жеке әлеуметтік институт ретінде дамуын, оның алуан түрлі салаларымен, басқа да әлеуметтік жүйелерімен, процестермен, институттармен әр түрлі қарым-қатынасын байланысын талдайды. Сонымен бірге білім жүйесі қоғамның әлеуметтік құрылымына, қоғамдық қаты-

настарға еңбектің өнімділігіне өндіріске және басқада іс-қызметтің тиімділігіне әсерін, жеке адамды тұлғаға айналдырудағы интеллектуалды, білім процесінің рөлін, адамның табиғат және қоғам туралы білімді, озық тәжірибені игеріп, бойына сіңіріп, оның үйлесімді дамуын, білім деңгейінің қызметке, жұмысқа тәртіпке әсерін, адамдардың ғылыми көзқарасының қалыптасуын, адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайының өзгеруін талдап зерттейді. Адам, әлеуметтендіру, тұлға осы төңіректегі проблемалар, міне социология мен педагогиканың, психологияның басын біріктіретіндер осылар. Социология оқу процесі технологиясымен тікелей шұғылданбайды, ол педагогика ғылымының төл ісі. Алайда, әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктерін, заңдылықтарын, да тенденцияларын ашу, соған сай қоғамның адамға арналған сұраныстарын, керісінше адамның қоғам алдына қоятын сұраныстарын негіздеу арқылы социология педагогикалық процесс ғылыми ұйымдастыруға қатынасады. Осыдан барып социологтың бұл саладағы процестермен жете таныс болып, оның қыр-сырына қанық болуының өзі заңдылық. Сонда ғана ғылымаралық байланысқа ол дайын педагогтарға методологиялық, теориялық, «көмекке» келе алады.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің міндеті – жастардың білім алып қана қоймай, алған білімін үздіксіз дамытып, оны бойына сіңіріп, тәрбиелі, әдепті бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды-үйлесімді болуын қамтамасыз ету. Білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүние жүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып отыр. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жетілдірудегі маңызды құжат екендігі сөзсіз. Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде: «Тәрбиенің түпкі мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде экономикалық және рухани дағдарыстарда жеңіп шыға алатын ізгілігі мен ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген жан-жақты, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру деп айқын көрсетілген. [3] Сондықтан тұлғаны жан-жақты дамыту деген ұғымды жастардың оқу және тәжірибелік еңбегінің тікелей байланысы дененің және ақыл-ой дамуының біртұтастығы деп түсіну керек. Тұлға туралы сөз қозғалғанда білім социологиясының негіздеушісі, француз ғалымы Эмиль Дюркгеймді еске алмауға болмайды. Ол әрбір тарихи кезең тұлғаның өзіндік типін жасайды және бүкіл тәрбие сол типтің идеалын қалыптастыруға қызмет етуге тиіс екенін тұжырымдаған. Э.Дюркгейм «оқытудан» «тәрбиелеуді» жоғары қойды, себебі оқыту, білімдендіру тәрбиеге қызмет ететін маңызды фактор деп санады. [4] Адам баласының жарқын болашағы толығымен жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне тікелей тәуелді деп ойлаймын.

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Еуропалық одақ бірнеше онжылдықтар бойы жоғары білім саласы бойынша бірқатар саясат жасалып, жүзеге асырылып келеді. Осы процестер Болон декларациясы идеясына және Болон процесінің басталуына алып келді. 1999 жылы Италияның Болон қаласында 29 еуропалық елдің өкілдері бас қосып, «Болон декларациясын» қабылдады. Бұл үрдіске ТМД мемлекеттерінен Ресей 2003 жылы, Украина 2005 жылы енсе, 2010 жылы Будапештте Қазақстанда толыққанды мүше мемлекет ретінде қабылданды. 2010 жылдың 11 наурыз күні Қазақстан Республикасы үшін тұңғыш рет әлемнің 47 елдерімен қатар жоғары білімнің Болондық үрдісіне қатысушы елдердің министрлері комитетінің шешімімен Болон декларациясына қол қойылған күн болып тарихта ерекше орын алды. Болон үрдісіне Қазақстанның қосылуы отандық ЖОО мен студенттер үшін нақтылы мүмкіндіктерді берді:

- 1) отандық білім беретін бағдарламалардың оқу жоспарын еуропалық стандартқа сәйкес келтіру;
- 2) отандық біліктіліктер және академиялық дәрежелерді мойындау;
- 3) студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігін қамтамасыз ету;
- 4) шетел университеттеріндегі қазақстандық ЖОО студенттерінің несиелерін қайта сынақтан өткізу және керісінше;
- 5) бірлескен білім беретін бағдарламаларды құру;
- 6) отандық дипломның еуропа деңгейінде мойындалуы және бітіруші түлектердің әлемнің кез келген елдерінде жұмыс жасауына жол ашты.

Отандық жоғары оқу орындары мен шетел оқу орындарының арасында халықаралық байланыстар орнатылып, «екі дипломды» білім бағдарламасы іске асырылуда, бұл жағдайда түлек қазақстандық оқу орны мен серіктес оқу орнының екі дипломын алады. Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім кадрларын даярлаудың үш сатылы моделі «бакалавр – магистр – доктор (PHD)» заңды бекітуге қол жеткізді. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім жүйесінің қоғамның өзгеруші қажеттіліктеріне және еңбек нарығына тез бейімделуі мақсатында Қазақстан ЖОО – кредиттік, қашықтықтық, және экспериментальды білім беру бағдарламалары енгізіліп тиімді қолданылуда. Қазір мемлекетімізде ЖОО кредиттік оқу технологиясына

көшкен. Академиялық мобильділік Болон процесінің негізгі бір құраушысы болып табылады. Бұл процесс аясында студенттердің академиялық мобильділігіне үлкен мән беріледі. Академиялық мобильділіктің екі түрі ажыратылады: тігінен және көлденеңінен. Тік мобильділікті студенттің шетелдік ЖОО-да толық білім алуы, көлденеңді сонда тек белгілі бір шектелген уақытта оқуы (семестр, жыл, бөлінген сағат) деп түсіну керек. [5]. ЖОО әлеуметтік институт болғандықтан оның субъектілері кредиттік жүйеге сәйкес белгіленген ережелерді орындауға міндетті. Қазіргі таңда әр адам өз таңдауы бойынша кәсіптік білім алып, азаматтық қоғамда өмір сүруге даярану қажет. Еліміздің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін білім беру секторының әлеуетін көтерумен, ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңмен кеңейту мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде кезең-кезеңмен көшу жайлы «100 нақты қадамның», 77 қадамында да айтылған. [6] Келешекте Қазақстанда білім беру саласында, жоғары оқу орындарында оқу жоспарына сай қоғамдық пәндерді оқытуды күрт көтеру керек деп ойлаймын. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру керекпіз. Білім әлеуметтануы – қоғамдық тарихи-сипатта бола тұрып, өз кезегінде, әлеуметтің білімдену функциясын іске асырушы қоғамның тарихи институты болып қала бермек. «Білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғары білімге дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Біздің адам капиталын дамытудағы ұзақ мерзімді салымдар саясатымыздың арқасында қазіргі талантты жас ұрпақты өсірдік» - деп атап көрсетті Елбасы. [7]

**Қорытынды.** Біз келесідей қорытынды жасадық:

- Жоғары білім әлеуметтануы теориясын классификацияладық.
- Қазақстан Республикасындағы жоғары білім құжаттарына контент-анализ жасадық.
- Қазақстан Республикасы жоғары білімінің заманауи жағдайына анализ жасадық.
- Қазақстандағы жоғары білім теориясы концепциясының әлеуметтанушылық жағынан қарастырдық.

Десе де, ғылымның бергеніне берері мол деп сенеміз. Осыған байланысты айтар ой мен білдірер пікірдің де құны арта түседі. [8]

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоценко Ж. Социология. – М., 1999. – С. 41-47.
- 2 Қалдыбаева Т. Бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасы тұрғысындағы XXI ғасыр мұғалімі: теория, методология, эмпирика және праксеология. Социологиялық талдау және тұжырымдама. – Өскемен: ШҚМТУ, 2008. – 55.
- 3 Назарбаев Н.Ә. «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегі. – Алматы, 2010.
- 4 Дюркгейм Э. Социология образования. – М.: 1996. – Б. 15.
- 5 Каримов З. Болонский процесс и региональные вузы // *Altamater*. – 2006. – №6. – С. 48-49.
- 6 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [www.google.kz](http://www.google.kz). (дата обращения: 11.03.2017)
- 7 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // *Егеменді Қазақстан*. 14.12.2012.
- 8 Әбсәттаров Р.Б. «Елінің мақтаныш ұлы» атты мақаласы // *Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Социологические и политические науки» №2(54), 2016.*

#### Резюме

##### Развитие системы высшего образования в Казахстане: социологический анализ

Майжанова Г.А. – КазНПУ имени Абая

В статье рассмотрены проблемы развития социологической науки на территории Республики Казахстан. Также основные тенденции реформирования системы высшего образования Казахстана на современном этапе. А также в статье освещаются понятие и основные принципы образовательного фактора в обществе. Социология образования - через закономерности определенной системы образования, анализирует различные его отрасли, взаимосвязь другими социальными системами, процессами, институтами. Образование - является одним из важных элементов в структуре социального образования. В мире роль образования растет, система образования каждой страны по разному. Анализируются вопросы модернизации высшей школы в контексте Болонских реформ. Социология образования - являясь историческим характером общества, в свою очередь остается историческим институтом, который реализует образовательную функцию социума.

**Ключевые слова:** образование, реформа, система образования, высшее образование, личность, социология образования.

**Abstract**

**Development of the system of higher education is in Kazakhstan: Sociological analysis**

**Mayzhanova G.A. – KazNPU named after Abay**

In the article describes the process of the development of sociology of Education and its key directions in the Republic of Kazakhstan. And the basic tendencies of reformation of Kazakhstan's higher education system on the modern stage are considered. And also in the paper highlights the concept and principles of the educational factor in the society. Sociology education- conformity to law of the certain system of education, analyses his different industries, intercommunication by other frames of society, by processes, by institutes. Education - one of important elements in the structure of social education. In the role of education grows the world, system of formation of every country on anything appointed. The questions of modernization of higher school in the context of Bologna reforms are analysed. Sociology of education - being historical character society, in turn remains a historical institute that will realize the educational function of society.

**Key words:** education, reformation, of education, higher education, personality, sociology of education.

**МРНТИ 21.41.41**

**ДИАЛОГ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ**

**Мукожанов А. –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ «БМО20600 – Дінтану» мамандығының 2 курс магистранты*

Мақалада көпұлтты, көпконфессиялы қоғамдағы конфессияаралық қатынастардың қазіргі кездегі қажетті және тиімді формасы ретінде диалог қарастырылады. Мақала барысында жалпы қарым-қатынастың формасы болып табылатын диалогқа анықтама беріле отырып, конфессияаралық диалогтың өзіндік ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда конфессияаралық қатынастардағы саналы ұстаным болып табылатын диалогтың деңгейлері – дінаралық диалог, конфессияішілік диалог, секулярлық диалог та талданады. Конфессияаралық диалогтың мүмкіндігі мен қажеттілігі жалпы қоғам тарапынан мойындалса да, әртүрлі себептерге байланысты әлемдік деңгейде оның толық мәнде жүзеге аспай отырғаны айтыла отырып, Қазақстанда мемлекет басшысының бастамасымен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің жүйелі түрде өткізілетін Съездері сындарлы конфессияаралық диалогтың нақты көрінісі ретінде қарастырылады.

**Түйін сөздер:** дін, конфессия, диалог, қоғам, көпконфессиялы мемлекет, конфессияаралық қатынас.

**Кіріспе.** Қазіргі кезде көпұлтты, көпконфессиялы қоғамда конфессияаралық қатынастар мемлекет ішілік тұрақтылықты сақтауға және оның экономикалық, саяси, мәдени дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Әлемдегі көпұлтты, көпконфессиялы мемлекеттердің бірі болып табылатын Қазақстан Республикасы үшін бұл өзекті мәселелердің бірін құрайды. Конфессияаралық қатынастар өздерінің діни сипаттамалары бойынша әртүрлі болып келетін конфессиялар мен діни топтардың, институттар мен ұйымдардың, индивидтердің қызметтері мен өзара әрекет етуі барысында қалыптасады. Бұл қатынастардың сипаты, қарқыны, қақтығысты жағдайлардың пайда болу мүмкіндігі немесе өзара қарама-қарсы тұрудың бейбіт қатар өмір сүрумен, өзара үйлесімді әрекет етумен алмасуы осы қатынастардың өзіндік ерекшелігімен анықталады. Сонымен қатар, конфессияаралық қатынастар қандай мақсатта, қандай формада жүзеге асады және олар қоғамдық келісімге қол жеткізуге мүмкіндік бере ме деген мәселе де көңіл бөлуді талап етеді. Өйткені қоғамда орын алған басқа әлеуметтік қатынастармен, әсіресе топаралық қатынастармен салыстырғанда, әртүрлі діндерді немесе қандай да бір дін ауқымындағы әртүрлі бағыттарды ұстанатын адамдар арасындағы қатынастар қазіргі заманғы қоғамды толғандыратын өзекті мәселелердің шешімін табуда өте маңызды рөл атқарады. Осы орайда дінаралық байланыстарды дамытуға, дін ұстанушылар арасындағы өзара түсіністікті тереңдетуге мүмкіндік беретін конфессияаралық қатынастардың ең тиімді, өркениетті формасы - диалогтың қажеттілігі арта түспек.

**Негізгі бөлім.** Жалпы «диалог» дегеніміз екі немесе одан да көп адамдардың өзара түсіністік пен келісімге келу мақсатындағы қарым-қатынасы және пікір алысуы. Толығырақ айтсақ, әртүрлі мәдениеттерге, ұлттарға жататын және өзге діни сенімдер мен саяси көзқарастарды ұстанатын адамдар арасындағы ортақ пікір мен ынтымақтастыққа қол жеткізуге бағытталған қатынас, яғни диалог дегеніміз бірін бірі тануға, түсінуге, бәріне ортақ мәселелерді шешуге және өзара түсінбеушілікті жоюға бағытталған талпыныс. Кең мағынада «диалогты» конфессияаралық және этникааралық ортада өзара әрекет ету мен өзара қарым-қатынас орнатудың өнері мен мәдениеті деп түсінуге болады. Ал дінаралық, конфессияаралық

диалогқа келетін болсақ, сан ғасырларға созылған діндер тарихындағы байланыстар мен қақтығыстар, өзара келісімдерді мысалға ала отырып, бүгінгі таңдағы конфессияаралық қатынастардағы саналы ұстаным, өзара әрекет етудің ең тиімді формасы деп қарастырады.

**Әдістер.** Танымал теолог Пауль Тиллихтың пікірінше, әртүрлі дін өкілдері арасындағы диалог бір-қатар түсініктерге негізделеді. Біріншіден, диалогқа қатысушы екі жақ та өзгенің діни сенімінің құндылығын, сонымен бірге диалогтың маңыздылығын мойындайды. Екіншіден, диалогқа қатысушылардың әрқайсысы өз діни айқындамаларын нық сеніммен қорғай алады, яғни диалог қарсы пікір білдіру де болып табылады. Үшіншіден, диалогтың да, қарсы тұрудың да болуына мүмкіндік беретін ортақ негіздің болуын ұйғарады. Төртіншіден, өздерінің діни негіздеріне сын көзбен қарауға екі жақтың да ашық болуын қажет етеді [1]. Сондықтан осындай күрделі құбылысты жете түсіну, оның мәні мен мазмұнын, ерекшеліктерін қарастыру үшін мақала барысында әртүрлі авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, тарихи-дінтанулық талдау, салыстырмалы теориялық талдау әдістері қолданылады.

Мындаған жылдарға созылған адамзат тарихына назар аударатын болсақ, оның әртүрлі діндер мен діни сенімдердің қалыптасуы және дамуымен ұштасып жатқанын көреміз. Белгілі бір діни сенімнің пайда болуы, оның аймақтық, әлемдік деңгейге көтерілуі немесе құлдырап, шектелуі тек ілім, уағыз түріндегі ғана емес, нағыз, шынайы қақтығыстар мен қарсы тұруларға толы ауқымды үдеріс болғанын көрсетеді. Дегенмен осы үдерістен біз өзара келісімге келу, қандай да бір негізде ортақ шешімді табуға деген ұмтылысты да көре аламыз. Әртүрлі діни сенімді ұстанатын адамдар арасында келісімге келудің маңыздылығын, өзара қарым-қатынас барысында диалогтың қажеттілігін алдыңғы қатарлы ойшылдар жете түсінген. Мысалы, дін, әсіресе христиан діні, қоғамдық өмірдің барлық саласын айқындаған ортағасырлардың өзінде француз философы Пьер Абиляр дінаралық қатынаста өзара түсінушіліктің, толеранттылықтың қажет екенін туралы өз көзқарсын анық білдірген. Ол өзінің «Философ, Иудей және Христианин арасындағы диалог» еңбегінде этика ортақ негіз болып табылатын пайымдаудың үш түрлі тәсілін талдай отырып, конфессияаралық диалогты дамытудың теориялық алғышарттарын қалыптастырды. Қайта өрлеу дәуірінің ірі ойшылы, философ, теолог Никоай Кузанский және испандық гуманист, дін қайраткері Сеговиялық Иоанн соғыс діндер арасындағы қайшылықты шешпейді деген көзқарас білдірген. Сондықтан олар мұсылмандарды христиан дініне тартудың мәні жоқ, нақты келіспеушілікті анықтап, ортақ нәрсені табуға тырысу қажет деп тұжырымдаған. Осы мақсатқа орай осы ойшылдар қандай да бір дискуссия-контраференция идеясын қарастырған болатын. Николай Кузанский Шығыстың әртүрлі қалаларынан шыққан көпестерді жинап, олардан ислам діні туралы мәлімет алып, кейінірек арнайы дайындалған адамдарды «контраференцияның» негізін қалыптастыру үшін мұсылман елдеріне жіберуді ойластырған болатын [2].

Қазіргі кезде конфессияаралық қатынастар шеңберінде диалог үш деңгейде жүзеге асады деуге болады. Біріншіден, әртүрлі дін өкілдері арасында орын алатын дінаралық диалог. Шындығына келгенде бұл екі жақты емес, көп жақты құбылыс. Бәріне ортақ лаңкестік, діни экстремизм, экология, мәдениет, рухани тәрбие, жаһандық сын қатарларға қарсы тұру секілді әлеуметтік және діни мәселелердің шешімін табуға тырысатын қарым-қатынас жасаудың бұл формасына екі емес, одан да көп қатысушы тән. Бұндай көп-жақты диалогтың мақсаты діндер арасындағы қайшылықты жеңу, әртүрлі дін өкілдері арасында толерантты қарым-қатынас орнату, діндер мен діни бірлестіктердің бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету, ең бастысы, қоғамды толғандыратын әртүрлі мәселелер бойынша, әсіресе бейбітшілік пен күш қолданбау мәдениетін қалыптастыру барысында ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Қазақстанда мемлекет басшысының бастамасымен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің жүйелі түрде бас қосуы осындай көпжақты дінаралық диалогтың жүзеге асуының нақты көрінісі деуге болады.

2003 жылы 13 ақпанда мұсылман, христиан және еврей ұйымдары қатысқан діндердің, мәдениеттер мен халықтардың жақындасуында маңызды рөл атқарған бейбітшілік пен келісімнің Халықаралық конференциясында сөйлеген сөзінде Мемлекет Басшысы барлық конфессия өкілдеріне Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін өткізу туралы бастамасын айтқан болатын. Съездің мақсаты: «әлемдік және дәстүрлі діндерден жалпыадамзаттық бағдарды іздестіру; дінаралық сұхбаттастық пен келісілген шешімдерді жүзеге асыру мақсатында тұрақты негізде қызмет атқаратын халықаралық конфессияаралық институттың жұмыс істеуін қамтамасыз ету» [3], - деп атап өтілді. 2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің I Съезі шақырылып, конфессиялар, елдер мен халықтар арасында құрылымдық келісімді нығайту мен келіссөз орнату жолында батыл қадам жасалды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев аталған съездің ашылуында сөйлеген сөзінде: «Қазіргі уақытта халықтардың, діндердің, мемлекеттердің және үкіметтердің бейбіт қатар өмір сүруі мен сындарлы өзара іс-қимылы туралы мәселе қазіргі уақытта айрықша өзек жарды

маңызға ие болуда. Ол таза теориялық көзқарастан маңызды практикалық міндеттердің қатарына қосылды. Сондықтан да көптеген саяси және діни қайраткерлердің күш-жігерлерімен бағзы заманнан бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан діндер, мәдениеттер, өркениеттер арасындағы диалогты жалғастыру аса маңызды оқиға болып табылады», – деген болатын [4].

Екіншіден, нақты конфессияшілік диалог. Бұл жерде диалог белгілі бір конфессияға жататын әртүрлі діни деноминациялар арасындағы даулы мәселелерді шешуге бағытталған қатынас формасы болып табылады. «Деноминация» ұғымы латын тілінде *denominatio*-атауын өзгерту, қайтадан арнайы атау беру дегенді білдіреді. Дінтану ғылымында «деноминация» ұғымы көп жағыдайда қалыптасу, ұйымдастыру сатысындағы діни бірлестіктерді белгілеу, ал кейде ұстану, шіркеу сөздерінің синонимы ретінде де қолданылады. Бір конфессияға жататын деноминациялар, яғни діни ұйымдар арасында діни ілім немесе діни жоралғыларға байланысты әртүрлі көзқарастар, өзара келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Міне осындай келіспеушіліктердің оң шешімін табу және болашақта болдырмау мақсатында конфессияшілік диалог жүзеге асады.

Үшіншіден, қоғамдағы дін саласына байланысты секулярлық диалог. Секулярлық диалог әлеуметтік, мәдени, рухани құбылыс ретінде дінді зерттеумен айналысатын мамандар, ғылыми қызметкерлер, дінтанушылар, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың өкілдері арасында орын алатын диалог. Бұндай диалог діндер мен олардың тарихын, даму заңдылықтарын, дінтанулық зерттеу әдістемесін қалыптастыру, діндерді бірлесе зерттеудің механизмдерін айқындау мақсатында жүргізіледі. Алайда қоғамдық өмірдің тұрақтылығы мен мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау, әлеуметтің рухани болмысты нығайту үшін ең бастысы конфессияаралық диалогты дінаралық қатынастардың қажетті формасына айналдыру маңызды.

Конфессияаралық диалог әртүрлі дін өкілдерінің ортақ бір мақсат үшін өз ұстанымдары мен сенімдерінен бас тарту деген түсінік емес. Диалог барысында әрбір адам өз дініне де, сұхбаттасушының да діни сеніміне құрметпен қарай отырып, өз ойлау жүйесін, мәдени және діни құндылықтарын еркін білдіреді және өзге жақтың құндылықтарымен танысады. Тек өзінікін дұрыс деп санау, дәріптеу ақыр аяғында өзімен сұхбаттасушыға өз идеологиясын тану, зорлықпен мойындату болып табылады.

Конфессияаралық диалог барлық діндерді немесе діни құрылымдарды бірыңғайландыру деген сөз емес. Ол өзгелер қандай болса, сондай түрде түсіну, қабылдау. Конфессияаралық диалогтың мақсаты – адамдарды бөлу емес, керісінше оларды жақындастыру, біріктіру.

Дегенмен әлемдік деңгейде, барлық мемлекет аумағында конфессияаралық диалог жан-жақты және тұрақты түрде жүзеге асып отыр деп айта алмаймыз. Осы тұрғыда жоғарыда айтылып кеткен мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Қазақстанда жүйелі түрде басқосуы өзіндік құбылыс болып табылады. Бұдан басқа көршілес Ресей мемлекетінде 1998 жылы Ресейдің дінаралық Кеңесі құрылған болатын. Дін, қоғам және мемлекеттің өзара қарым-қатынасын дамыту, қоғамдық өнегелікті нығайту және қоғамдық маңызды мәселелер бойынша дінаралық диалогқа қолдау көрсету осы Кеңестің мақсаты болып табылады. Алайда бұл қоғамдық ұйымға тек православие, ислам, буддизм және иудаизм діндерінің өкілдері кіреді. Мемлекет аумағында заңды негізде әрекет ететін басқа діни конфессиялар бұл ұйымнан тыс қалған. Сондықтан Кеңес толық мәнді конфессияаралық диалогты жүзеге асырып отыр деп айту негізсіз болмақ.

**Дискуссия.** Қазіргі кезде қарқынды дамып отырған әлемде конфессияаралық диалогтың мүмкіндігі мен қажеттілігі мойындалғанымен, зерттеушілер арасында оның тиімділігі туралы бірыңғай пікір жоқ. Сонымен қатар, конфессияаралық диалогқа қарсы пікір білдірушілер де кездеседі. Мысалы, У. Макбрайд дінді болуы мүмкін тығырықтар – мәдениетаралық диалог жолындағы барлық өзге кедергілер жойылған кезде де сақталатын ақырғы және жойылмайтын кедергілер ретінде қарастырады [5]. В.К. Шохин болса, жалпы діни диалогтың болуын жоққа шығарады. Оның пікірінше, «Діндер диалогы ...виртуалды ұғым болып табылады, бірақ ол басқа фактіні – оның жоғары нарықтық құнын жоймайды, соның нәтижесінде ол сирек кездесетін өтімді тауарға айналып отыр» [6], яғни конфессияаралық диалог нақты нәтиже бермейтін, уақыт талабына сай сұранысқа ие болып отырған жай ғана құбылыс. Бірақ қазіргі кезде діндерге байланысты әлемде орын алған жағдай, дінді жалау еткен лаңкестік және экстремистік іс-әрекеттер конфессияаралық сындарлы диалогтың қажеттігін, оның оң нәтиже беретінін көрсетіп отыр.

**Қорытынды.** Шындығына келсек, адамзат тарихынан әртүрлі діндер арасында қақтығыстар мен соғыстар, төзімсіз қатынастармен қатар, бейбіт қатар өмір сүрген кездердің болғанын көруге болады. Сондықтан конфессияаралық диалог біршама шартты және қайшылықты құбылыс болса да, қазіргі кезде



дінаралық қарым-қатынастардың ең қолайлы, тиімді нұсқасы болып табылады. Ол өз діни сенімінің өзіндік ерекшеліктерінен бас тартуды қажет етпейтін, сонымен қатар өзгемен айырмашылықты жете түсінуге, білуге жетелейтін, басқа көзқарасты ұстанушылармен толерантты қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін конфессияаралық қатынастың оң сипатты үлгісі болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тиллих П. *Христианство и встреча мировых религий* / Пауль Тиллих *Избранное. Теология культуры*. – М., 1995. – С. 398-399.
- 2 Журавский А.В. *Христианство и ислам. Социальные проблемы диалога*. – М., 1990. – С.36.
- 3 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі: тарихы, хроникасы. – Астана: ҚР МСМ ДІК МДХО, 2015. – 5 б.
- 4 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері I, II, III, IV, V съездерінде сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөздері: Жинақ. – Астана: ҚР МСМ ДІК МДХО, 2015. – 10 б.
- 5 Макбрайд У. *Глобализация и межкультурный диалог // Вопросы философии*. 2003. №1. – С.83.
- 6 Шохин В.К. «Диалог религий»: виртуальное понятие и реальное значение – <http://www.netda.ru/belka/nauka/+filosof.htm>. (дата обращения: 31.03.2017)

#### Резюме

##### Диалог как форма межконфессиональных отношений

Мукожанов А. – магистрант 2-го курса специальности «6МО20600 – Религиоведения»  
КазНПУ имени Абая

В статье рассматривается диалог как современная необходимая и эффективная формы межконфессиональных отношений в условиях многонационального и многоконфессионального общества. В рамках статьи дается определение диалогу как формы общения вообще, а также выявляются специфические особенности межконфессионального диалога. Вместе с тем, межконфессиональный диалог, являющийся сознательной установкой в межконфессиональных отношениях, имеет такие уровни как межрелигиозный диалог, внутриконтрессияональный диалог, секулярный диалог, которые также изучены в данной статье. Хотя возможность и необходимость межконфессионального диалога признаны обществом, по различным причинам межконфессиональный диалог не реализуется в полной мере на мировом уровне. Однако Съезды лидеров мировых и традиционных религий, проводимые на регулярной основе по инициативе главы государства в Казахстане, рассматриваются как реальное проявление конструктивного межконфессионального диалога.

**Ключевые слова:** религия, конфессия, диалог, общество, многоконфессиональное государство, межконфессиональные отношения.

#### Abstract

##### Dialogue as form of the interfaith relations

Mukozhanov A. – master of the 2nd course of specialty "6MO20600-Religious studies"  
of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay

In article dialogue as modern necessary and effective forms of the interfaith relations in the conditions of multinational and multi-religious society is considered. Within article definition is given to dialogue as communication forms in general, and also specific features of interfaith dialogue come to light. At the same time, interfaith dialogue, being conscious installation in the interfaith relations, has such levels as interreligious dialogue, intra confessional dialogue, secular dialogue which are also studied in this article. Though an opportunity and need of interfaith dialogue are recognized by society in general, for various reasons mezhkonnfessionalny dialogue isn't implemented fully at world level. However the Congresses of leaders of world and traditional religions held on a regular basis at the initiative of the head of state in Kazakhstan are considered as real manifestation of constructive interfaith dialogue.

**Key words:** religion, faith, dialogue, society, multi-religious state, interfaith relations.

МРНТИ 02.11

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ДАМУДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Тыныштық А.** – *Абай атындағы ҚазҰПУ, магистранты*  
*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Абсаттаров Р.Б.*

Әлем мемлекеттері құқықтық мемлекет құрудың әр түрлі сатыларын бастан кешуде. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекеттің негізі енді ғана қалануда. Оның басты элементі – құқықтық заңдар жүйесі мен адамдардың құқықтық санасы. Халқымыздың құқықтық санасы – Қазақстан Республикасында орын алып отырған заң жүйесінің айнасы. Себебі мемлекетте қалыптасқан құқықтық жүйе, әділ сот қызметінің көрінісінен, бұқара халықтың құқықтық санасын байқаймыз. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін: мемлекеттік құқық, азаматтық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, қаржы құқығы, жер құқығы, табиғатты қорғау, қылмыстық құқық, қылмыстық іс-жүргізу құқығы және азаматтық іс-жүргізу құқығы құрайды. Қазақстандықтардың құқықтық санасының мазмұны, негізінен, осы айтылған заң жүйелерін білуіне байланысты. Бұл мақалада азаматтардың құқықтық санасын, заңгерлік сауаттылықты арттырудың маңызы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** философия, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, Қазақстан Республикасының халқы.

**Кіріспе.** Ел Ата Заңының басты міндеті – адам мәселесін алға қойып, жалпы адам құқықтарын құрметтеу, адамды қадірлей білу. Әрине, бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең асыл құндылықтар болып табылады. Әлем мемлекеттері құқықтық мемлекет құрудың әр түрлі сатыларын бастан кешуде. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекеттің негізі енді ғана қалануда. Оның басты элементі – құқықтық заңдар жүйесі мен адамдардың құқықтық санасы. Себебі мемлекетте қалыптасқан құқықтық жүйе, әділ сот қызметінің көрінісінен, бұқара халықтың құқықтық санасын байқаймыз. Кез-келген құқықтық мемлекеттің талабы – заң шығару жоспарлы да дәйекті болуы керек дейді елбасымыз [1].

Соңғы жылдары қоғамдық сананың дамуындағы адамгершілік, әлеуметтік, физикалық және психикалық сияқты аспектілерінде салқындық сезіледі. Бүгінгі Қазақстандықтардың ұлттық сана-сезімі мен ділінің, азаматтығы мен патриотизм деңгейі алаңдаушылық туғызады. Мұндай қоғамдық үрдістің белең алуын келесі сипаттамалар айқындай түсуде: ана тіл мен өз тарихын, өз халқының салт-дәстүрлерін білмеу, көптеген сананы адастырушы діни көзқарастардың белең алуы, кәметке толмаған жасөспірімдердің арасында қылмыстың өсуі, маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық, өз өмірін қиюшылардың санының өсуі, жезөкшеліктің, әскери борышты өтеуден бас тарту, жұмыссыздық, жемқорлықтың орын алуы.

Сонымен қатар рухани құндылықтардың орнын материалдық құндылықтар басуда. Батыстың біздің елге әсері орасан зор екенін көзіміз көріп жүр. Батыстық менталитеттің қазақилық тәлім-тәрбиеге мүлде жат екендігін көре тұра, қолымызды созамыз. Ол тұлға санасына, ұлт санасына әсерін тигізбей қоймайды. Бүгінгі таңда бұл философиялық күрделі мәселе.

**Негізгі бөлім.** Құқықтық сана дегеніміз - қоғамдық сананың формасы ретінде қабылданған мемлекеттегі заңдарға, құқыққа, олардың қағидалары мен мәніне әділ сотқа және адамдардың тілегіндегі құқыққа деген идеялар, теориялар және сезімдердің жүйелік жиынтығы.

Құқықтық сананы алып, вертикал түзу бойымен қарайтын болсақ, ол жоғарғы және төменгі екі бөлімнен: құқықтық идеологиядан және құқықтық психологиядан тұрады. Құқықтық идеология дегеніміз – құқықтық сананың құқықты және өмір шындығының құбылыстарын тұғырнамалық түрде бейнелеп, бағалайтын заңдық ұғымдарды, принциптерді, теорияны құрайтын жоғарғы қабаты. Құқықтық идеология адамның күнделікті тәжірибесіне кездесетін құқықтық шындықтарды әдетте, сезімдік қабылдауға ұқсас құқықтық психологиядан айырмашылығы - құқықтық идеология бейне бір құқықтық бағалаудың рационалдық деңгейіне сәйкес келеді, құқық пен мемлекет құбылыстарын ой елегінен неғұрлым терең өткізуді бейнелейді [2]. Ал құқықтық психология болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға, қоршаған ортадағы өзгерістерді қабылдайтын адам психикасымен байланысты. Ол құқықтық санада көбінесе стихиялы түрде, құқыққа және құқықтық шындыққа көзқарас бейнелетін сезім, көңіл-күйі, сүйкімділік пен сүйкімсіздік, реніш түрінде қалыптасады. Мәселен, бұл жасалған қылмыс жөнінде ашынушылық және оның құрбанына жаны ашушылық, әділ сот үкіміне қанағаттану сезімі, қылмыстық жазадан қорқу немесе Конституцияны құрметтеу болуы да мүмкін.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолының ерекшелігі құқықтық сана және құқықтық мәдениеттің қалыптасып дамуымен тығыз байланысты. Ал құқықты жете түсініп, мағынасына терең үңілсек, оның

моральмен байланысты екенін аңғарамыз. Құқықтық нормалар моральдық нормалар сияқты әдет-ғұрыптардан туындайды. Құқық пен мораль туралы мәселеге келгенде, олар әлеуметтік тәртіпті қалай қадағалайтындығына аудару қажет. Осыдан келіп, олардың арасындағы айырмашылықты байқауға болады. Сондықтан құқықтық мемлекеттің саяси-құқықтық негізін қарастырғанда моральға көңіл бөлеміз. Құқық өзінің табиғаты бойынша моральді, яғни құқықтық нормаларда моральдың нормаларына қарама-қайшы келетін іс-әрекет жоқ. Сондықтан, құқықтық мемлекет құруда моральдың алатын орны ерекше [3].

Құқықтық мемлекетті құқықты моральдандыру арқылы құруға болады. Себебі көптеген заңгерлер, саясаттанушылар және басқа да ғалымдардың ойынша, мемлекетте мықты, қатал заң болса ғана құқықтық мемлекет болады деген тұжырым айтады. Қоғамды тірі организм ретінде қарастырсақ, оған бірінші тәлім – тәрбиенің қажет екеніне назар аударған жөн. Ең бірінші, ол өзін сыйлап барып қана, басқаларды да сыйлайды. Заңға қорқыныш сезімі арқылы бағынбай, керісінше, сыйластық арқылы өзінің болашағы, қоғамның болашағы деген көзқараспен қарау қажет. Жеке тұлға мен мемлекет арасында өзара сыйластық, сүйіспеншілік пайда болу, сыйластық пайда болса тіптен тамаша емес пе? Тарихта белгілі тоталитарлық режим өкіметке деген сенбеушілік, өкімет алдында адамдардың қорқыныш сезімін тудырады. Не себептен көнеден бастап қандай да болмасын ойшыл әділетті мемлекет моделін іздеп, соны құруға тырысты. Алайда кейбір пікірлер, осы нұсқаны құп көреді. Құқықтық мемлекет құрудың ел үшін маңызы зор, болашағы бар. Қазақ халқында көнеден мәдениетке, салт-дәстүрге деген көзқарас ерекше болған. Міне, сондықтан қазіргі таңда өткендегі салт-дәстүрімізді жаңғырту арқылы, соны құқықтық мемлекет идеясымен байланыстыру арқылы нәтижеге жетеміз [4].

XX ғасырда Қазақстанда миллиондаған адамдардың құқығы бұзылды. XX ғасырдың басында алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азат ету жолында еңбек етті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап осы мақсатта қызу қызмет жүргізді. XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды, өйткені қолданыстағы патша заңдары көшпелі халықтың құқығына нұқсан келтірді. Мұның наразылық туғызғаны табиғи нәрсе. Халықтың өз жеріндегі қасіретті жағдайы туралы толық хабардар болған қазақ зиялылары қазақ халқының құқықтық мүдделерін қорғауға тырысты. Олардың көпшілігі арнаулы заң даярлығынан өткендер еді, бұл олардың халық бұқарасының құқықтық білімін кеңейтуіне, олардың құқықтық білімін байытуы мен тереңдетуіне мүмкіндік берді. Қазақ қоғамының рухани саласында етек алған заңсыздыққа өз наразылығын білдіріп отырды. Патша шенеуніктері қазақ халқы зиялы өкілдерінің дүниежүзілік өркениет пен мәдениет жетістіктерін игеруіне мүдделі болмады [5, 1-том].

1912 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетінің түлегі Мұстафа Шоқай түркі тектес халықтың психологиялық дәстүрлі ерекшелігін жақсы білетін. Сондықтан жалпы мемлекеттік сот құруын ұсынды.

**Зерттеу әдістері.** Қазақстандықтардың құқықтық санасын қарастырмастан бұрын қазақ халқының мәдениетіне көз жүгірту керек. Өйткені, мәдениеттің қоғамдық санаға тікелей қатысы бар. Мәдениет рухани және материалдық болып екіге бөлінеді. Материалдық мәдениет қоғамдық санаға жатпайды. Рухани мәдениет қоғамдық сананың барлық түрлеріне өз әсерін тигізеді және олардың кері әсерін қабылдай отырып, дамиды. Қазақ халқының тамыры тереңге кеткен тарихына көз жүгіртсек, мәдениеттің сан алуан түрге еніп, өзгергендігін көреміз. Бүгінгі техникасы артқан заманда өз мәдениетін сақтап қалу, тек қазақ халқы үшін емес, барлық дүниежүзі халықтарының басты мақсаты.

Қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі – құқықтық мәдениет. Бұл қоғамдағы мәдени құндылықтарды сақтау, жаңғырту, дамыту, оларға азаматтарды баурау жөніндегі қатынастарды құқықтық нормалар арқылы реттеп-басқару. Қазақстан қоғамындағы құқықтық мәдениет ортақ мәдениетке тән барлық сипаттамаларды иеленеді.

Қазақстандағы құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының айнасы деуге болады. Қазақстан қоғамындағы құқықтық мәдениет екі бөлімнен тұрады: әрбір қазақстандықтың жеке мәдениеті және Қазақстан қоғамының мәдениеті. Әрбір қазақстандықтың жеке мәдениеті Қазақстан қоғамының мәдениетін дамытуға шешуші үлес қосады. Қазақстандағы құқықтық мәдениет әрбір қазақстандықтың білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, профессионалды, теоретикалық.

Қазақстан қоғамындағы құқықтық мәдениет және құқықтық сана қызметі жағынан үш топқа бөлінеді. Олар: танымдылық, бағалаушылық, реттеушілік. Танымдылық – халықтың заң білімін білуінің деңгейі, рухани сана-сезімнің жақсаруы. Бүгінгі күні еліміздегі барлық заңдық реформалардың философиялық астарлары халықтың өз құқын білуге шақырады. Ең алдымен ол мектеп бағдарламасына енген 9 сыныпта оқытылатын «құқық негіздері» пәнінен көрініс алады. Сондай-ақ, мектеп оқушы жастарға келер күнді

сабақ алдында мемлекеттік әнұран айтумен бастауға, оны жатқа білуіне, мемлекеттік рәміздеріміздің мән-мағынасын түсінуге, оның авторларымен таныс болуға, Ата Заңымыздың мазмұнын ашуға, ұлттық сана-сезімді оятатын тәрбие сабақтар өткізу сияқты қадамдар жасалады.

Бағалаушылық тобы төрт жүйеден құралады: құқықтың салалары, қағидалары, құрылымы, функциялары, яғни құқықтық тәртіпті, заңдылықты қорғайтын органдардың жұмысы, азаматтардың заңдылыққа, тәртіпке, мәдениетке, өздерінің баға беруі.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының  
меңгерушісі<sup>1</sup>; саяси ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессор<sup>2</sup>*

Мақалада С.Сейфуллиннің патриоттық – мәдениеттік және әлеуметтік – саяси көзқарастары (дүние танымы) қарастырылады. Оның саяси – мәдениеттік қызметтері жан-жақты баяндалған. Сонымен қатар дискуссиялық мәселелерге көңіл бөлінген.

**Түйін сөздер:** мемлекет, автономия, партия, саясат, мәдениет, тіл, декрет, өлке, облыс, қазақ, қоғам, өмір, азаттық, құқық.

Сәкен Сейфуллин бүкіл саналы ғұмырын, ақыл-парасатын, білімін туған халқы үшін сарп еткен азамат, ұлы тұлға. Оған ел - жұртының мүддесін қорғап, оның болашағын ойлап, жақсылық жолына жетелеген шығармашылығымен қоса, мемлекетшілдігі, ағартушылығы, т.б. жан-жақты қызметтері дәлел болады. Сәкенді Сырбай Мәуленовтың сөзімен айтқанда, еліміздің елділігінің, еліміздің ерлігінің, еліміздің ақындығының, еліміздің сұлулығының бейнесі дейміз. Ол ел өміріндегі еңселі оқиғалардың жуан ортасында болып, дәуірдің ауа-райын, көпшіліктің тіршілік-тынысын, арман-мүддесін өзінің творчествосына арқау еткен ғұлама, ойшыл, ақын-жазушы. Сәкен өз Отанын бар жан-тәнімен сүйген және оның ұлы болашағына зор сеніммен қараған. Президент Н.Ә. Назарбаев С.Сейфуллиннің 100 жылдық мерей-тойындағы сөзінде былай деген: «Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер». Сәкен Сейфуллин – халқымен мәңгі бірге жасайтын, халқының мәңгі сый-құрметіне бөленген тұлға.

Сәкен Сейфуллин өзінің табиғи алғырлығы арқасында уақытылы ілім-біліммен сусындап, күнделікті тұрмыстың қат-қабат қыр-сырына талдау жасайтындай деңгейге тоқтаусыз өрлей беруі, ақырында саяси күрескер қатарына қосылуы сияқты өмір жолы - екінің бірінің мүмкіндігі жете бермейтін асқар асу.

Сәкен Сейфуллин Ұлы даланың Сарыарқа өңірінің түлегі. Сол кездегі көптеген замандастары сияқты Сәкен де алғаш ауыл молдасынан оқып, хат таныған. Ұлының зеректігін, қабілетінің күштілігін байқап, оның орыс мектебінде оқып, тәлім-тәрбие алуын арман еткен әкесі Сейфолла он жасар Сәкенді Нілді мыс қорыту заводына әкеліп, сондағы бір таныс орыстың үйіне орналыстырады. Сол үйде орысша тіл үйренеді, орыс алфавитімен танысады. Бір жылдан кейін завод жанындағы орысша-қазақ мектепке қабылданады. Осы мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін Ақмола бастауыш мектебінде, онан соң қалалық училищеде білімін әрі қарай жалғастырады.

1913-1916 жылдары Сәкен Сейфуллин Омбы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқуын жалғастырады. Мұнда ол ең таңдаулы студенттердің бірі болған. Студент кезінде Сәкен белгілі революционер-жазушы Ф.Березовскийдің ақыл-кеңесімен А.Бабельдің «Социализм және әйелдер», «Француз революциясы» атты еңбектерімен танысқан. Әрине, бұндай кітаптардағы терең ойлар Нілді мыс қорыту заводындағы жұмысшылардың ауыр еңбегін өз көзімен көріп келе жатқан сезімтал жанға қатты әсер еткені сөзсіз.

Сәкен семинарда оқыған жылдары творчестволық еңбекпен де әжептәуір айналысқан. 1914 жылы оның Қазан қаласында «Өткен күндер» деген атпен тұңғыш өлеңдер жинағы жеке кітап болып басылып шығады. Бұл жағдай оқырмандар қауымы үшін, мәдениет пен әдебиет үшін елеулі оқиға еді. Осы жинаққа енген өлеңдері жас Сәкеннің ағартушы-демократтық бағытта болғанын айғақтайды. Жас қаламгер туған халқының екі жақты езгінің зілін тартқан ауыр өміріне жанашырлық білдіреді. Ел билеуші шенеуіктердің қарапайым адамдарға жасап отырған қиянат-қысымын әшкерелейді. Қазақ даласының басқа алдыңғы қатарлы елдермен теңесуі үшін алдымен оқу оқып, білім алу керек. Егер осыған қол жетсе,

астамшылық, зорлық-зомбылық тыйылып, жұрт бір-бірін сыйлап, тең тұтатын, қадірлейтін жағдайға жетер еді, мәдени дәрежеміз жетіліп, еркін алаңсыз тұрмыс шегетін жағдайға жетер едік дейді ол.

Сәкен семинарияны бітіргеннен кейін Сілеті – Бұғылы деген жердегі мектепке мұғалім болып орналасады. Оның алғашқы еңбек жолының бастамасы қазақ даласының 1916 жылғы ұлт-заттық қозғалысымен тұспа-тұс келеді. Жас маман туған халқының бостандық, теңдік жолындағы сол қозғалыстың талай оқиғаларын, патша өкіметі жазалаушы, әскери мен жергілікті бай-молдалардың соларға қарсы қолданған қатал шараларын өз көзімен көреді. Қалың бұқараның сұрапыл тағдырға тап болғанына қатты қынжылады.

Ақпан революциясынан кейін Сәкен Сейфуллин іле-шала Ақмола қаласына қызметке ауысып, уездің күнделікті қоғамдық өміріне қызу араласады. Қалың бұқараны уақытша өкіметтің жүргізіп отырған саясатына қарсы күреске үндейді, демократиялық бағыттағы жастардың «Жас қазақ» атты ұйымын ұйымдастыруға қатысады. «Тіршілік» атты газеттің шығуына ат салысады.

1917 жылы желтоқсанда Ақмолада Кеңес өкіметі орнап, Совдеп құрылғанда Сәкен Сейфуллин оның мүшелігіне сайланады. 1918 жылы большевиктер партиясының қатарына қабылданады. Жергілікті реакция жан-жақтан қашқан жат элементтермен бірлесіп, сол жылдың 4 маусымында Ақмолада контрреволюциялық төңкеріс жасады. Жергілікті билік жаулардың қолына көшті. Кеңестік билікті жақтаушылар, жаңа билікке іш бұрады дегендер түрмеге тоғытылды, адамдар азап шегіп, көпшілігі қырылды. Осындай азап шеккендердің ішінде Сәкен Сейфуллин де болады. Осы көрген азаптарын ол өзінің «Тар жол, тайғақ кешуінде» саяси тұтқындардың абақтыларда, Анненковтың «азап вагонында» қандай күндерді бастан өткергенін бар шындығымен баяндаған. 1919 жылдың көктемінде С.Сейфуллин қамаудан қашып шығады. Тек бір жылдан кейін ғана ол Ақмолаға қайтып оралады. Ол жаулардан азат етілген уездің қайтадан қалпына келуіне бар күшін аямайды.

С.Сейфуллин 1922 жылы маусымда «Еңбекші қазақ» газетіне редактор болып тағайындалады және сол жылы қазан айында республикамыздың Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалады. 1923 жылы Кеңестердің X съезінде ВЦИК-ке мүшелікке сайланады. 1925 жылы Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасы міндетінен босағаннан кейін өмірінің ақырына дейін шығармашылық еңбекпен айналысады, жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетінің тарихынан дәрістер оқиды, газет-журналдардың, баспасөз орындарының жұмысына қатысады. С.Сейфуллин – ҚазАПП-тың, Қазақстан жазушылар одағының негізін қалаушылардың бірі. 1936 жылы әдебиетке, өнерге сіңірген зор еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Енді Сәкен Сейфуллиннің қоғам қайраткерлігіне, мемлекетшілдігіне, яғни саясаткерлігіне толығырақ тоқталайық.

Жоғарыда аталып өткендей, Сәкен Сейфуллин өзінің үлкен өмір жолына түскен кезінен бастап бар күш-жігерімен еліне қызмет еткенін көреміз. Соның бір қыры ретінде оның қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтіру, 20-шы жылдардағы ашаршылықпен күресі жолындағы қызметі.

Бұл арада Сәкен Сейфуллиннің қазақ жерлерінің біріктірілуі мен тұтастығын сақтау жолындағы еңбегін ерекше айтуға болады. Ресейдің Батыс Сібіріне қарап келген Ақмола және Семей облыстарын қазақ жеріне қайтаруда ерекше табандылықпен ұлт мүддесі үшін күресуі оның үлкен қайраткер екендігін танытты.

Тарихтан белгілі, 1920 жылдың жазынан бастап Қазақ Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуын жариялайтын Бүкілқазақтық Құрылтай съезіне дайындық жұмыстары жүрді.

1920 жылдың ортасына қарай С.Сейфуллин Ақмола уездік атқару комитеті әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Ол уақыттың өзінде қоғамдық-саяси жұмыстағы белсенділігімен губерния көлемінде таныла бастайды. С.Сейфуллин өзінің мұндай маңызды мәселеге қатысуын азаматтық парызы деп санады. Оның түсінігінше, қазақ халқының азаттық алып, өзінің ұлттық мемлекетін құру жөніндегі ғасырлар бойғы арманының орындалуы маңызы зор оқиға.

1920 жылдың 4-12 қазаны аралығында Орынборда Қазақстан Кеңестерінің I Құрылтай съезі өтті. Съезд 1920 жылғы 26 тамыздағы Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.И. Ленин мен Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М.И.Калинин қол қойған Қазақ АКСР-ін құру туралы Декретін қуанышпен қарсы алып, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасы құрылды деп жариялады.

Съезд өкіметтің жоғарғы органдары – республиканың Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесін құрды. Қазақ АКСР ОАК-нің төрағасы болып Сейтқали Меңдешев, Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып В.Радус – Зенькович сайланды. Қазақ АКСР-і мүшелігіне және оның Президиумының құрамына С.Сейфуллин де кірді. Оның бұлайша республиканың орталық органдарына

кіруінің басты себебі жаңа қоғам құру ісіндегі күрескерлігі мен тәжірибесі, қызметтестерінің арасында беделінің жоғары болуы еді.

Съезде Әкімшілік және Жер комиссиясы құрылады. Әкімшілік комиссиясын басқару С.Меңдешевке, ал Жер комиссиясын басқару С.Сейфуллинге жүктеледі [1]. Бұл комиссияны басқару С.Сейфуллинге ұлттық мүддеге қатысты аса күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Оның төрағалығымен Жер комиссиясының коллегиясы құрылып, отарлаудың кез-келген түріне тыйым салатын заң негізін құрастыру, түрлі мекемелердің қарамағында болып келген жерлердің ендігі оның негізгі иесі Қазақ ОАК-не қарайтындығын заңдастыру, мал шаруашылығын, қазына малын қорғау, ветеринарлық комиссия құру, қуаты төмен шаруашылықтардан алымды уақытша тоқтату жөнінде шешімдер қабылданып, РКФСР Жер Халық комиссариатына ҚАКСР-і территориясында отарлауды тоқтату туралы декреттің көшірмесі жіберілген [2].

Қазақ АКСР-і жарияланғанымен қазақ жерлерін біріктіру оңай болған жоқ. Қазақ жерлерін, шекарасын белгілеу қиынға түсті, бұл мәселе бойынша тарихи шындыққа сай келмейтін негізсіз нұсқаулар, теріс пікірлер болды. Бұл мәселе жөнінде отарлық дәуірден батыс Сібірге қарап келген Ақмола және Семей облыстарын Қазақстан құрамына енгізуде Сібрревком мүшелері ашық қарсылық көрсетті.

1920 жылы 30 сәуірде Орынборда РКП(б)-ның Қазақ облыстық бюросы құрылды. Бюро «Қырғыз өлкесі және көрші аймақтардың коммунистік ұйымдарына» атты ашық хатында коммунистердің бірінші міндеті Қырғыз өлкесінде кеңестік республика ұйымдастыру деп атап көрсетті.

1920 жылдың 16 мамырында Қырревком В.И.Ленинге талас тудырып отырған Ақмола және Семей губернияларын қалай басқару керектігі жөнінде сұрап, өтініш жасайды. Осы жылдың 28 мамырында Қырревком Омбы мен Семейге неғұрлым жақын арада өзінің өкілетті өкілдерін - А.Авдеев пен Ә.Жангелдинді жіберу туралы қаулы алды. Оларға Сібрревком мен Қырревком арасындағы шекара мәселесі жөнінде қарым-қатынастарды реттеу жүктелді [3].

Ақмола уезі әкімшілік бөлімін басқарып жүріп, тың бастамаларды өмірге енгізіп, уезд бойынша болып жатқан қарқынды істер жайында хабардар болып отырған С.Сейфуллиннің Қырревком мен Сібрревкомның арасындағы шекара мәселесін реттеуге қатысуы аса қажет болатын. Татар-қырғыз бөлімі бюросының хатшысы Ә.Досов шілде айының 7-де Омбыдан «Әскери. Жедел. Құпия.» деген айдармен Ақмола уездік ревкомы әкімшілік бөлімінің меңгерушісі С.Сейфуллиннің атына жеделхат жолдады. Онда: «Жангелдин мен Авдеевтің басқаруымен Омбыға Қазақ өлкесінің Шығыс комиссиясы келді. Мәселені шешу үшін Сіздің келуіңіз аса қажет» делінді [4].

1920 жылдың 15 шілдесінде Қырревком өкілдерінің талабы бойынша Сібрревкомның мұсылмандар секциясы мен Сібірбюросы татар-қырғыз бөлімінің біріккен мәжілісін өткізді. Негізгі мәселе таяу арада Мәскеуде өтетін кеңесте қаралатын болашақтағы Қазақ Автономиясының шекарасын белгілеуге байланысты болды. Сонымен қатар Бүкілқазақтық съезге делегаттар сайлау мәселесі қаралды. Ақмола губерниясынан С.Сейфуллин мен Ж.Сәдуақасовтың өкілеттілігі бекітілді. 1920 жылы 9-10 тамызда БОАК жанында В.И. Лениннің төрағалық етуімен Қазақ АКСР-нің Сібірмен шекарасы, оның Ресеймен өзара қатысы туралы мәселелерді талқылауға арналған кеңес өтті [5]. Осы кеңестегі мүдделі екі жақтың қатысуымен өткен қазақ өлкесін басқару, оның Ресеймен қарым-қатынастарына арналған мәселелерді талқылауда кеңес үкіметінің төрағасы В.И. Ленин жалпы елдің мүдделерін және республикалар мен облыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, алауыздықтарды шешудің бірден-бір дұрыс жолын табуға ұмтылды. Қырревкомның ҚАКСР территориясы туралы мәселесін құптады. Ол негізсіз тартыс жағдайында әділ жол табуға тырысты, шекара мәселесіне байланысты туған дауды болашақ Қазақ Республикасының пайдасына шешіп берді.

1920 жылы 11 қарашада РК(б)П ОК Сібір бюросы «Ақмола және Семей облыстарын Сібірден бөліп Қазақ республикасына қосу» жөнінде комиссия құрды. Комиссияға Қазақ Өкілеттілігімен талас тудырып отырған мәселелерді шешу жүктелді. Комиссия төрағасы В.Н.Соколов өз баяндамасында мынадай ұсыныс жасады: «... қазақ елді мекендері барлық жерде көшпелі шаруашылығынан отырықшы жер шаруашылығына көшуі қажет. Сондықтан орыс қоныстанушыларының маңдай терімен өңделген жерді Қазақ республикасына беру ол жерлерді қайтадан жарамсыздыққа әкеледі». Қазақ Өкілеттілігінің атынан сөйлеген Н.Т. Кулаков Ақмола және Семей облыстарында отырықшылықтан гөрі мал шаруашылығын жүргізудің анағұрлым қолайлығын, қазіргі өзекті мәселе сырттан қоныстанушылықты тоқтату екендігін дәлелдеуге тырысты.

Мәселені шешудің былайша тұйыққа тірелуі Қазақ ОАК-і мүшелері арасында үлкен алаңдатушылық туғызды. Талқылай келе бұл мәселені орталықпен ақылдасу қажет тапты. Қазақ ОАК-і 1920 жылы 10 желтоқсанында мынадай шешім шығарды:



«Мандат №715. 11.XII. 1920.

10 XII. күнгі №21 қаулысымен Қазақ ОАК-і Президиумының мүшесі С.Сейфуллин жолдас Ақмола және Семей облыстарының хал-жағдайымен жақсы таныс болғандықтан, сол облыстың өкілі ретінде Мәскеуге арнайы жіберілсін және ҚАСР-нің өкілдерімен аталған облыстарды Қазақ Республикасына қосу жөнінде мәселе қарастырылсын» - делінген.

С.Сейфуллин Мәскеуде Кеңестердің У111 - съезіне қатысып, В.И.Лениннің ГОЭЛРО жоспары туралы баяндамасын тыңдады. Съезд соңында БОАК-і төрағасы М.И.Калининмен кездесу кезінде С.Сейфуллин Ақмола және Семей облыстарының қазақ халқына тән екендігін тарихи дәлелдерге сүйене отырып негіздей келе, М.И.Калининнен мұны Сібір ревкомымен келіссөз арқылы шешіп беруді сұрайды. Бұл мәселені шешуде Төтенше Комиссия құру керектігі жөнінде кеңес алады.

Қазақ ОАК-і 1921 жылы 16 ақпанда Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға қосатын және оларды басқару аппаратын құратын төтенше өкілдігі бар комиссия құрды. Оның төрағалығына С.Мендешев, мүшелігіне Ә.Досов, С.Сейфуллин, Ғ.Әлібеков, И.Заромский кірді [6].

Төтенше Комиссия жайында Ереже бекітілді. Бұл жөнінде С.Сейфуллинге берілген №654 мандатта: «Қазақ ОАК-і Президиум мүшесі С.Сейфуллин Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алатын және оларды басқару аппаратын құратын Төтенше Өкілетті Комиссияның мүшесі. С.Сейфуллиннің құқығы мен өкілеттілігі Қазақ ОАК-інің сессиясында қабылданған комиссия туралы Ережеге сәйкес анықталды» делінген. С.Сейфуллиннің мұндай аса жауапты мемлекетаралық мәселені шешу комиссиясына мүше болуы оның тәжірибесінің мол екендігін дәлелдейді.

Бұл арада С.Сейфуллиннің Қазақ республикасы басшыларының қазақ жерінің шекаралық тұтастығын айқындап, қалпына келтіруде көкейкесті мәселені шешуде оның оған дейін Өкімшілік комиссияның құрамында істегені және Жер комиссиясын басқарып, келелі мәселелерді шешуге мұрындық болып, үлкен тәжірибеден өткенін естен шығармау қажет. С.Сейфуллиннің ұлт мүддесін қорғау жолындағы қайраткерлігін комиссия және бюро мәжілістерінде талас тудырған мәселелерді шешуде үлкен белсенділік көрсеткенін ерекше атау керек. Ол Ақмола және Семей облыстарының басқару органдарын құру, шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда, Сібір ревкомынан қазақ өлкесіне қараған облыстарда жаңа құрылысты әрі қарай жүргізу үшін қиындық келтіріп отырған материалдық-техникалық жағынан жабдықтау мәселесін көтеріп, дұрыс шешім қабылдата білді. Ең өзекті мәселе – Ақмола облысы халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі де оның араласуымен оң шешімін тапты. С.Сейфуллиннің қатысуымен заңсыз салықтар тоқтатылып, қажетті жеңілдіктерді иеленуде бірінші кезекте кедейлердің мүддесі ескерілді.

1921 жылы 10 мамырдағы бірлескен комиссия мәжілісінде Ақмола және Семей облыстары 10 мамырдан бастап Қазақ республикасына қарайды деген қаулыға С.Сейфуллин қол қойды. Мәжілісте сонымен бірге мұның алдында 18 сәуірде қаралғанымен, аяқсыз қалған Омбы қаласындағы жоғарғы оқу орындарында Ақмола және Семей облыстарынан келгендерге 15% орын беру туралы Сібір халық ағарту бөліміне ұсыныс жасау мәселесі де С.Сейфуллиннің талап етуімен дұрыс шешімін тапты [7].

1921 жылы 11 мамырда Сібрревком және Қырревком өкілдерінің біріккен мәжілісінің шешімімен Ақмола және Семей губерниялары ҚАКССР-не қайтарылды.

Әрине, айта кету керек, Қазақстан мен Сібір өлкесі арасындағы талас тудырған мәселелерді шешу оңай болмады. Бұл тек В.И. Лениннің қатысуымен мәселе оң шешімін тапты деуге болады. 1921 жылы 21 қарашада Павлодар ауданындағы тұз өндірісі көлдері, Ақмола мен Омбы облысының шекарасына байланысты даулы мәселелер ҚАКССР-нің пайдасына шешілді. Сібір мен Қазақ Автономиялық Республика арасындағы ұлттық-территориялық межелеу толығымен 1922 жылы көктемде аяқталды.

Бұндай тарихи әділеттіліктің қалпына келтірілуіне қазақ қайраткерлерімен бірге Сәкен Сейфуллин де үлес қосты. Талас тудырған мәселелерді қазақ халқының пайласына шешуде ол өзіндік пікірін берік ұстады, еліміздің территориялық тұтастығын қорғады. Ақмола және Семей облыстарының Қазақ Автономиясына қайтарылуы жасанды түрде емес, бүкіл объективті шындыққа негізделген – ол тарихи-географиялық, этникалық дәлелдеулер негізінде іске асырылды.

С.Сейфуллин төңкеріс жылдарының алғашқы күндерінен бастап-ақ жаңа өмірдің жаршысы, күндіз-түн бел шешпей сол өмірді қалыптастыруға қызмет еткен қайраткер. Ол өзінің мемлекеттік, шығармашылық қызметтерінде елдің ішкі, сыртқы саясатына, халық шаруашылығына, өндіріс, өнеркәсібіне, тұрмыс-салт, ел, халық, заман, планета тіршілігіне ерекше көңіл бөлген тұлға. Күнделікті тіршіліктен хабар беріп, елдің сол кездегі саясатына бұқараның көзін ашып, түсінбей жатқан тұстарын түсіндіруді, барлық салада да көкірегінің көзі бар, сауатты азаматтарды тәрбиелеуді өзіне парыз санаған. Мысалы, С.Сейфуллин шаруашылықтың тек шикізат өндіруімен алға баспайтындығын, елдің көркеймейтіндігін, халық өзі өндірген шикізатты өзі ұқсатып, дайын өнім күйінде шығарып жатса, одан түсетін пайда да мол

болып, ел жұмыс таппай сеңделіп жүргендерден де арылатындығын көпшілікке түсіндіріп, Қазақстанда өнеркәсіп ошақтарын салуға, оған қалталы бай азаматтардың пайшы ретінде қатысып, қол үшін беруі қажеттігін насихаттайды.

Бұл ретте ол баспасөз бетінде «Қазақ кедейіне фабрик керек», «Кедейге не керек» деген мақалалар жазып, жер шаруашылығымен айналысу, қоныс тебу, қала, фабриктер салу жайын тәптіштеп баяндап, бірыңғай мал шаруашылығымен мұратқа жетуге болмайтындығын ашық айтады. Әрі «Берік, мықты, жемісті шаруашылық көшпелі емес, тұрғын елдегі, қалалы елдікі. Мәселен, түзу рең үлкен терезелі үйлер, сарайлар, бір шетімен бір шетіне көз жетпейтін машина, соқамен айдап тастаған егіндер. Мая-мая қылып, машинамен шауып, машинамен жинаған пішендер. Темір шенді күшті көк арба, саны аз болса да, ажарлы томардай өгіздер, бұл поселкеде...» деп, қазақ халқының экономикалық өркендеуіне ерекше назар аударады.

1922 жылғы наурыз айында С.Сейфуллин арнайы тапсырмамен Ташкентке сапар шегеді. Ондағы мақсаты 1921 жылғы Орталық Қазақстан, Орынбор, Торғай жағында көп жылғы соғыс зардабынан, ауыл шаруашылығының құлдырауынан, құрғақшылықтан ашаршылыққа тап болған қарапайым халыққа көмек ұйымдастыру болатын. Осы ойын жүзеге асыру үшін Түркістан республикасы Орталық партия комитетінің органы «Ақ жол» газетін мінбер етіп, аштықтан қырылып жатқан ағайындарына жәрдем қылуға Жетісу, Сырдария жұртшылығын жұмылдырады. Міне, С.Сейфуллин халық қамын ойлаған, халқы үшін қабырғасы қайысып, жаны ашыған ұлы қайраткер тұлғамыз.

Сәкен Сейфуллин артында рухани мәңгілік соны із қалдырған, өзі өмір сүрген дәуірінің философиялық ой-толғауларының шынайы жарқын бейнесін жасаған келелі ойшылдардың бірі.

С.Сейфуллиннің көркем және ғылыми шығармашылығын, жалпы қоғамдық қызметін тұтасымен алып қарасақ, онда біз оның шынайы философиялық дүниесезімінің, дүниетанымының, дүниеге көзқарасының көптеген маңызды жақтарын аңғарамыз. Сәкен Сейфуллиннің дүниеге дұрыс әрі тұрақты, байламды түрде көзқарасының қалыптасуына, толысып пісіп-жетілуіне үлкен тарихи үш арнаның ықпал жасағанын байқаймыз. Ол жас шағынан бастап тек қана қазақтың емес, сонымен қатар шығыс пен батыстың рухани құндылықтарының үздік үлгілерімен, ғылыми жетістіктерінің негізгі методологиялық принциптерімен, жалпы өрениеттіліктің ерекшеліктерімен, айырмашылықтарымен зор зеректікпен өз бойына сіңіре білген.

С.Сейфуллин XX ғасырдың басындағы Еуропаның кейбір елдеріндегі саяси-философиялық идеялық бағыттағы мектептердің бағыт-бағдарларымен таныс болған. Әсіресе, Еуропадағы үздік ілімінің негізгі идеялық маңызымен және оның Азия елдеріне таралуы, қалай насихатталуы жайларымен хабарлас болған. С.Сейфуллиннің дүниеге көзқарасын зерттеуші ғалымдар оның француз ойшыларының философиялық, әлеуметтік, саяси мәні бар мәселелер көтерген шығармаларды құмарта оқып, олардан өзінің шамасы келгенше тұжырымдар жасап, шығармашылық қызметінің кейбір жақтарын анықтауда, көркемдік және қоғамдық құбылыстарды талдауда басшылыққа алып отырған. Осы жоғарыда аталған мәселелер жайлы Т.Кәкішев, М.Қаратаев, С.Қирабаев сияқты ғалымдар өздерінің зерттеулерінде көлемді мәліметтер келтіре отырып, С.Сейфуллиннің қоғамдық идеяларының сипатын анықтаған. С.Сейфуллин өзінің негізгі шығармаларында қазақ халқының қандай жағдайда алдыңғы қатарлы өркениетті елдерге жететін мүмкіндіктерінің бар екенін, қандай тарихи объективтік алғышарттардың барын, қоғамдық тіршіліктің қандай қозғаушы күштерінің болатынын, қоғамдық сананың тарихи сипаты туралы тереңнен ой қозғайды. С.Сейфуллин шығармашылығында адамның дүниеде алатын шынайы орны қандай, саналы тіршіліктің мәні неде, өмірдегі ақиқат пен жалғандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің, өмір мен өлімнің, уақыт пен кеңістіктің, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның, адам бостандығының, беделінің әрі даналығының мәні неде деген философиялық сұрақтарға тынышсыз жауап іздейді. Адамзат баласы жарық дүниеге келгелі бұл тәріздес сұрақтарға жауап күтуде, бірақ ондай мәңгілік мәселелердің түйінін бірден шешу мүмкін емес. Қазақ халқының дарынды ойшылары да адам болмысының мәні туралы көптеген құнды ойлар айтқан. Солар сияқты С.Сейфуллин де адамның өмірінің мәні туралы ғылыми мәні бар ойлар айтқан:

Тұңғыықтан сән іздеп,  
Толқын жұтып өлгенше,  
Өмірден бір мән іздеп,  
Тұншықтырып көмгенше.

Жалпы, С.Сейфуллиннің әлеуметтік-философиялық пайымдауы бойынша, адам баласының өмірінің, бақытының мәні адал еңбек етіп, адамдық қасиетті асқақ тұтып, өзінің дүниеден орнын дұрыс табу үшін, өзінің өзіндігін танып білу үшін, соны көрсету үшін, соны анықтау үшін, соны баянды ету үшін күресуді білу керек дейді. С.Сейфуллин классикалық әлеуметтік-философиялық трактаттар жазбағынымен, ол өзінің тамаша көркем ой бейнелерінің астарларында дүниенің мәні туралы ғылыми мәні бар ойлар айтқан.

С.Сейфуллиннің көптеген қоғамдық-философиялық идеяларын «Әдебиет Һәм оның бағыттары», «Асау тұлпар туралы», «Кеңестер одағында еңбекші тап жазушылары ұйымының сана идеология және көркем-сөз туралы жобасы», «Әдебиетті бағалау және құлық сананы тексеру», «Тар жол, тайғақ кешу», «Көкшетау», «Қызыл ат», «Қызыл сұңқарлар» т.б.қолжазбаларында жазған. С.Сейфуллин өзінің шығармаларында жалпы қоғамдық сананы тұтастай алып, оның кейбір маңызды тұжырымдарының қалай пайда болған жайларын, ерекшелік мәнін, әмбебапты заңдылықтарын, ізгі принциптерін, белгілі қарқынмен даму немесе дағдарыстар туралы өзінің қызмет еткен дәуірінің танымды тұрғысынан зерттеп, дұрыс сипаттама беріп, ғылыми мәні бар тұжырымдар жасаған.

С.Сейфуллин қазақ халқының өнерінің, мәдениетінің, қоғамдық идеяларының тарихын тереңнен зерттеп, танымды талдау әдістерін жетілдіріп, болашақтағы даму бағыттарын анықтап, көркемсөз өнерінің маңызды формаларын ғылыми талапқа үйлестіріп, идеялық құрылымдарын белгілі гармониялық бірлікке құрып, қоғамдық сананың философиялық негізін байымдап, үнемі шығармашылық ізденісте болған ойшыл. Профессор Тұрсынбек Кәкішев С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» туындысын тұтасымен алып, ондағы қолжазба иесінің негізгі айтпақ болған философиялық идеясының «жаңа мен ескінің арасындағы күрестің сырын ашуы, шынайы өмірдің терең құпиясына ой жүгіртуін көріп, құлақпен естігенді нақты образдармен беруі жарқын болашаққа барлау жасауы тамаша көркем пейзажды, адам психологиясын ашу талабы, сюжетті нақ тартып, шығарманың композициясын, құрылысын шымырландыра түсуі сияқты ірі табыстармен өзінің шығармашылық талантын танытқанына көңіл аударған [8].

Жалпы халықтың бас бостандығы ең бір саяси-қоғамдық, әлеуметтік мәні бар мәселе екеніне ешқандай күмән жоқ. Қазақ елі өзінің тарихи даму кезеңдерінде еркіндік үшін күресе білген. С.Сейфуллин көркем және ғылыми шығармаларында қоғамдық, әлеуметтік, саяси, ой бостандығы өте маңызды орын алды. Ол қазақ халқының қараңғылығынан түбегейлі арылуына өзіндік патриоттық өлеңімен үлес қосқан. Ал сонымен қатар, ол әрқашанда ел намысын қорғай білген ірі тарихи тұлға.

С.Сейфуллин уақытысында ел бостандығы туралы былай деп толғаған:

Адамзат, сестеніп көзінді аш, жүрме бос.  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.  
Патшадан әділдік жоқ еді,  
Ұлықтар паракор тоқ еді.  
Бұқара халықты кем тұтқан,  
Бек керген, итімен тең тұтқан.  
Қоспаған санына адамды,  
Айламен ұстаған надан ғып [9].

Қай дәуірде болса да адамзат зұлымдықпен, жауыздықпен күресіп, жеңе де білген. Қазақ халқы жалпы адамзат баласының құндылықтарын, мұратын дұрыс қабылдап, оның адам қызметіндегі алатын орнын да білген. Ал, С.Сейфуллин де өзі өмір сүрген дәуірдегі жамандықтың жақтарын жақсы танып біліп, шын мәніндегі адамзаттық жақсылықтың үлгілі мұраттарын өзінің шығармашылық тұрғысынан дамытып, оны өмірмен ұштастыра білген.

Сонымен С.Сейфуллин адам өмірінде даңғыл жол жоқ екенін дұрыс сезінген, түсінген, ұғынған, барлық болмыс-білімнің диалектикалық құрылымын, заңдылығын айқын білген. Сондықтан ол өзінің бейнелі ой өрнегін былай тізбектейді:

Болса да жолым қиын михнатты,  
Сол жолда басшы қылдым жалғыз хақты.  
Дариға қайық салған өр балаңды,  
Қолда енді, бабаларым аруақты.

С.Сейфуллин көркем шығармаларында өмірдегі шындықты, адамдықты, адалдықты, әділеттілікті ағартушылық ілімінде үнемі басшылыққа алып, нағыз гуманистік философияның идеясын қолдайтынын ашық көрсетеді.

С.Сейфуллиннің көпқырлы мемлекеттік және шығармашылық қызметтерінің ішінен ерекше орын алатын мәселе – ол тіл мәселесі. Оның қазақ тілінің мемлекеттік статусы және сол бағытта атқарылып жатқан істерді ұғындыру үшін жазған материалдары өте көңіл аударарлық. С.Сейфуллиннің осыдан 80 жылдан астам бұрын тіл саласы майданында атқарған табандылығы мен осы тақырыпта жазған материалдарындағы ойлары күні бүгін де маңызын жойған жоқ.

С.Сейфуллин әуелі республикаға «қазақ» атын қайтару мәселесін қолға алды. 1925 жылдың ортасына дейін орысша «Қырғыз» республикасы атанып келген өлкеде «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік»

деген ащылығы удай мақала «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде 1923 жылы 15 ақпанда жарияланды. Бұған ешқандай қарсылық бола қоймады.

С.Сейфуллинді 1923 жылдың 17-25 сәуір аралығында өткен партияның XII съезі ұлт мәселесін әңгіме еткен соңғы жиыны қатты ойландырады. Онда орыс мәдениеті басқа ұлттар мәдениетін жеңбей қоймайтыны, орыс ұлтының басқалардан басымдылығын нығайту жөніндегі ойлар ашық айтылған болатын. Осыны күйзеле тыңдаған С.Сейфуллин өз ұлтының тағдырына қалай қолқабыс тигізудің амалын іздейді. Ол қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеге көтерілу қамын ойлап, күрделі мәселелерді көтере бастайды. Өз ұлтының арғы-бергі тарихына көз сала отырып, содан үлгі алар өнеге тұтар тұлғалардың іс-әрекетін қастерлей қарастыра бастайды. Бүкіл қазаққа ілім-білім нұрын шашқан Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлын ардақ тұтқан. С.Сейфуллин қазақ тілін кеңсеге, яғни мемлекеттік мекемеге енгізбей елде тұтастық болмайтынын, көсегеміздің көгермейтінін айтып, тікелей іске кіріседі. Қазақ тілінің беделін көтермей, қазақтың беделі көтерілмейтінін уағыздай бастайды. 1923 жылы 9 маусымда «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген мақаласын жариялайды. Жалпы тіл мүддесін қорғайтын 9 мақала жазған екен. Өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газетін тиімді пайдаланды. С.Сейфуллиннің ыждаһаттылығының арқасында 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық Атқару Комитеті декрет қабылдаған. Сол бойынша кеңсе істері 1924 жылдың 1 шілдесінен бастап қазақ тілінде жүргізілетін болған. Бұл арқа сүйер құжат болды. Енді ол өзінің алдына мақсат етіп қойған істеріне екпіндірек кірісті. Қазақстанның Орталық Атқару комитеті бұдан кейін де ниеттестік білдірмегеннен кейін С.Сейфуллин өзінің мақалаларын нақты іске айналдыруға, губернияларға ашық хат жазуға көшті. Бұл мәселе туралы ол Совнаркомнан кеткенше айтып-жазып жүрді, кей уақытта әкімшілік шара қолданған кезі де болды.

Дарынды ақынның қазақ тілінің проблемаларына байланысты жазған мақалаларында айтқан ойлары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Оған көз жеткізу үшін оның мақалаларын оқып көрейік.

С.Сейфуллиннің алғашқы «Не қылдыңдар» атты мақаласында партияның 12 съезінде «әрбір аймақта қай халық көп болса, сол аймақтың кеңселерінде іс сол жергілікті көпшілік халықтың тілінде жүрсін» деген қарардың шығарылғандығын, патша заманында кемдікте болып, өгейсірей бастаған халықтар тілінің болашағына жол ашылғандығын қуанышпен айта келіп, «қазағы көп жерде кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу ретінде ел аралаған, қала аралаған жұмыскерлердің бәрі де жәрдем қылып, жол көрсетіп, бұл мәселенің орындалуын тексеріп отырулары керек. Міне сөйтіп, жұмылып, жалпы жұрт кіріссе ғана бұл істен көңілдегідей жеміс шығады.

Кеңселерде қызмет істері қазақша жүргенде ғана бұл күнге шейін қадірсіз болып келген қазақша хат білетін адамдардың бағалары артады. Жұрт оқуға ынталырақ болып кіріседі.

Бұл Қазақстанның, жалпы еңбекшілердің алдағы бір тығыз керекті ісі», - деп қорытындылайды.

Осы мәселеге байланысты тағы бір «Қазақстанның заң комиссаритына келіндер» деген мақаласында: «Бұл әр жерден келіп жатқан хабарларға қарағанда, қазақ тілін іске асыруға көп жерлерде іс басындағы жігіттердің көбі онша ынталы көрінбейді.

Өртүрлі себептер айтады. Ақша жоқ дейді. Қазақша іс жүргізуді білетін кісілер жоқ дейді, әлі толып жатқан сары уайым, қауіп-қатерлерді жанбырдай жауғызды.

Әрине, ол белгілі. Ынтасыз іске, көңілсіз іске сансыз бөгет, сансыз уайым табуға болады. Бірақ, біздің айтуымызша, бұл іске бөгеттің көптігі басқа себептерден. Себептің ең алды – іс басындағы адамдардың бұл іске шындап кіріске ниеттерінің жоқтығы, ынталарының жоқтығы», - деп берекесіздіктің қайдан шығып отырғандығын сынайды.

1924 жылғы наурыздың 6-санында Қырғыз ОАК Президиумының мәжілісі болып, онда кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысы талқыланады. Мәжіліс біршама тартысты өтіп, 1923 жылғы қаулының толық орындалмай, түрлі тосқауыл-кедергілерге кездесіп отырғандығы айтылып, осыған орай ҚырОАК Президиумының мәжілісінен кейін С.Сейфуллин Қазақстанның губерниялық және уездік комитеттерінің төрағаларына мына мазмұнды хат жазған: «Қазақстанда әрбір мекемеде қызмет қылып жүрген азаматтар хәм қызметтен тыс адамдар жалпы бұл іске кіріссе, бұрынғы патшалардың замандарынан бері жұмылған ауызда булығып келген қазақ тілі совет мекемесіне кіруі хақ. Жалпы жігер, жалпы ынта керек...»

Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге «біреу ұлтшыл деп айтады...» деп бой тартады. Бірақ ол – қулық, бұл – коммунистік қылық емес, сасық, жалмауыз демагог өзін «жақсы коммунист екен...» деп айтсын деп, қазақ тілін кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды «анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл» дер. Бірақ, сондай сасық демагогтар коммунист париясының Орталық Комитетін «ұлтшыл» деп айта алмас», - деп келіп, ел арасындағы хат білетін адамдардың тізімін алу, әсіресе, жастарды іске тарту жөнінде төрағаларға кеңес береді [10].

Өмірдің алтын дінгегі – оқу-ағарту ісі С.Сейфуллин үшін қатардағы міндеттерін бірі емес, кезек күттірмей шешетін қауырт мәселенің негізгілерінің өзектісі. Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде оның ағартушылық ой-пікірлері барынша қомақтана, нақтылана түсті. Егер ол бұрын үндеу, шақыру, өнер-білімге ұмтылғандарды сынап, әжуалаудан әрі бара алмаса, енді жаңа жағдайда насихаттық қызметті нақты практикалық іспен сабақтастырып отыруға тиіс болды.

Жаңа заманда оқу-білімсіз, ғылымсыз жаңа өркениетті ел қатарына қосылу мүмкін еместігін бар жанымен сезген С.Сейфуллин мемлекеттік қызметтерінде де, публистикалық материалдарында да оқу, ағарту ісін, мектеп, медресе жайын оқушы, оқытушы хал-жайын өзекті арқау еткен. Оқымаған адам, оқымаған халық қашанда қараңғы, надан, соқыр болытынын, соқырдың күні қараң екендігін түсінген ол өзінің практикалық қызметінде де, материалдарының бәрінде де барлық күшті оқуға деп, жалпы халықты білім алуға, сауат ашуға үндеді. Оның оқу, білім туралы жан сөздері қоғам қайраткерінің биік өресін бірден танытты. Сол үшін де елі, халқы оны ардақ тұтты, қадірледі, құрметтеді.

Мәселен, «Барлық күш оқуға», «Қазақстандағы губерниялық атқару комитеттеріне, әрі оқу бөлімдеріне», «Қазкомның 2-ші жалпы жиылысы» атты мақалаларында жас кеңес өкіметінің шаруашылығы енді-енді оңала бастағанын кезекке қойып, аяғынан тік басып кету шараларын қарастырып жатқандығын айта келіп: «Енді оқу жұмысын ілгері бастырудың жол-жобасы көрсетіледі, ендігі зор міндет оқу орындарының мойнында қалды. Бұл жұмысқа исполкомдар шын көңілімен кіріссе, жауымыз наданшылықтың сөзсіз жеңілуіне жетеді» деп бір жағынан ел басшыларын қамшылай, екінші жағынан ертең бар ел екендігімізге сендіріп, жігерлендіре түсті.

Қайнаған өмірдің бар саласында өзінің мемлекеттік парасатын әрқашан танытқан С.Сейфуллиннің жаңа заманның жаңа мәдениеті қарышты қадаммен алға басар шақта үкімет басшысы болуының өзі зор сәттілік еді.

С.Сейфуллин 1922 қараша айының басында Қазақстан Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып сайланғаннан кейін 21 қараша күні «Зор міндет» деген публикациясын, шынын айтқанда, билік рәмізі бар нұсқауын жариялады. 24 қарашада «Әр қазақтың жадында оқу болсын» деген мақала емес, жан сөзі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланғанда «Қазақ халқына ең әуелі оқу керек, оқу керек, оқу керек» деп ұрандатты. Онан кейінгі «Барлық күш оқуға» деген мақаласында «Қазақстан ел қатарына кірсін деген кісі оқу ісіне бар ынтасын салып, жәрдем, көмек қылуы керек. Губерниялық комитеттер қаражаттың көбін оқуға жұмсауға тиіс», - десе, 1923 жылы 19 ақпандағы мақаласында «жер-жердегі мекемелер қолындағы барлық қаражаттың қақ жартысын оқу ісіне жұмсау керек» деп билік айтты. Республиканың санаулы бюджетінің тең жарымын өзі үкімет басында отырған жылдары оқу ісіне бөліп, өлкелік партия ұйымынан ескерту естігені де бар. Оның есесіне халық мәдениеттің дәмін мықтап тата бастады.

С.Сейфуллиннің мол әдеби мұрасы әр салада жазылған. Оның алғашқы жинағы 1914 жылы жарық көргенін атағамыз. Оның шығармашылық талантына, қайраткерлігіне лайықты баға бергендер аз болған жоқ. Пәтуәлі сөзді Сәбит Мұқановтан бастасақ, ол былай дейді: «Сәкеннің сақталған өлеңдеріндегі революциялық сарын 1917 жылы «Кел, жігіттер!» деген атпен жазылған шығармадан бастады. Бұл – бүкіл қазақ әдебиетінде Октябрь революциясына қосылған үн.

Сәкенді «Қазақ совет әдебиетінің іргесін қадаушылардың бірі ғана» деу тарихқа қиянат жасау. Ол «бірі» болар еді, егер Октябрьден туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы іргесін онымен қатар қаласқан тағы да біреу болса...

Ақын өлеңдерінің поэтикалық өзгешеліктеріне де көп сөз айтуға болады. Қысқа түрде ғана айтарымыз: қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасағаны. Сәкен дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне де жасады. Оған көп мысалдарының біреуі – «Советстан». Жазушының қаламынан туған прозалық шығармалардың жалпы қазақ прозасында ерекше бір орны бар. Ең алдымен «Тар жол, тайғақ кешу» туралы. Түр жағынан бұл, «мемуарлық» шығармалардың тобына қосылады. Бұл тұрғыдан «Тар жол, тайғақ кешу» жалпы қазақ әдебиетіндегі бірінші шығарма. Ол – қазақ еліндегі тап тартысын, Октябрь революциясының жеңісі мен жемісін көрсеткен саяси, тарихи мәні зор кесек документ. Бұл жағынан қазақ прозасында бұған дейін тең келегін шығарма жоқ. Жазылуы шебер, сондықтан оқылуы аса қызғылықты. Сәкеннің қазақтың социалистік мәдениетін, оның ішінде әдебиетін жасауда еңбегі зор. Ол – қазақ әдебиетінің атасы».

Мұхтар Әуезов «Шыншыл, тәкаппар ақын» деген мақаласында: «Жемісі үзілмей келген жиырма жылдық ақын жолы жеңіл жол емес. Күш-қуат, ой-сезім, істегі нәр атаулының барлығын қуаныш пен күйініш, қинау мен тебірену араларында, жалындай жанып, ортаға салған жылдар. Бұл жолға барлық жас қуаты, өмірлік бейнеті, жүрек қанын сарп етілген. Осы күйді Сәкен басынан мол кешті», - деп ой

сабақтайды. Әуезов Сәкен шығармаларындағы ерекшеліктерін оның жалтағы жоқ шыншылдығы және ақындық тәкаппарлығымен байланыстырады.

Ғабит Мүсіреповтың Сәкен туралы айтар ойы қысқа да нұсқа: «Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Поэзия құлагері Ілияс Жансүгіров өзімен тағдырлас, сырлас та мұңдас досына:

«Жырламасқа теңіздей,  
Қуаныштың шегі жоқ.  
Ардақталған өзіндей,  
Қазақта тегін ақын жоқ.

Әйгілі музыка зерттеушісі, этнограф А.В.Затаевич: «Сәкен тамаша әнші әрі күйші. Ақмола өңірі ән-күйлерінің жетік білгірі» деп жазған-ды. Ол «Қазақ халқының 1000 әні» деген кітабына Сәкеннің орындауында «Тоқа», «Терісқақпай» күйлерін, «Шаш сипар», «Сауытбектің зары», «Күн мен ай», «Толғану» атты әндерді жазып, енгізген. Осы арқылы Сәкеннің Совнарком төрағасы бола тұрып, ұлт өнерін жаңғыртуға уақыт тауып, оған үлкен мән бергенін көруге болады. Бұның өзі ақын Сәкеннің, жазушы Сәкеннің тамаша музыкант екенін айғақтаса керек [11].

Ал, белгілі жазушы, қоғам қайраткері Галина Серебрякова былай деп жазады: «... Сәкен Сейфуллин мені өзінің еркекке тән ерекше сұлулығымен таң қалдырды. Ол сұңғақ бойлы және өте келісті кісі болатын. Қайратты қара торы жүзі жиі-жиі құбылып, кес-келбетін сан өзгертіп тұрады. Әсіресе, ұшқын атқан байсалды, мойылдай қап-қара көзі есімде қалыпты. Ол кісіге тіке, әрі батыл, адал кейіппен қарайтын. Осы қалпында ол ертедегі парсы жауынгерлерінің батырлығы мен ержүректілігін ойға сап, паш етіп тұрғандай көрінетін.

Сырт сұлулығына осы оның ішкі жан дүниесінің көріктілігі де мол екен. ...Әсіресе, ол Қазақстанның сұлулығы мен оның бай табиғаты жайында ерекше шабытпен және сүйінішшілікпен әңгімеледі. Сейфуллиннің отты да әсем әңгімесін естігенде соң бейтаныс алыс өлке маған алғаш рет ұнап еді.

Ол өз Отанын бар жан-тәнімен сүйген еді. Және оның тарихының елеусіз ой-шұқырларына дейін білетін».

Сәкен Сейфуллиннің қайталанбас болмысы, қадір-қасиеті туралы өткен ғасырдағы және тәуелсіздік жылдарындағы аузы дуалы зиялылардың берген бағасының бірі міне, осындай.

Кеңес дәуірі кезіндегі қазақ әдебиетінде елеулі орын алатын көрнекті шығармалардың бірі – Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы екенін жоғарыда атағанбыз. Бұл туынды Қазан төңкерісі мен Кеңес өкіметін орнату сияқты саяси-тарихи аласапыран оқиғалардың шындығын айқыны бейнелеп көрсетуімен құнды деп есептеледі. Шығарманың өнбойында ұшырасып отыратын көркем прозаға да, деректі прозаға да тән бейнелі тіркестер, айшықты образдар баршылық. Туындыға эстетикалық-идеялық бедел әперген фактор – жазушының тарихи шындықты көркем кестелеп жеткізу шеберлігі деуге болады.

С.Сейфуллиннің осынау ұлағатты еңбегі толып жатқан құжаттар мен автордың өзі басынан кешкен оқиғаларына, сан-салалы өмір фактілеріне сүйеніп жазылған. Автор өзінің жеке көзқарастарында Кеңес өкіметінің дұшпандарын жеккөрініштілікпен бейнелеуге тырысатынын жоққа шығаруға болмайды. Жергілікті жерлерде жаңа ғана орнаған жас өкіметті төңкеріп тастап, орнына адмирал Колчак бастаған ақ әскерлердің билігін әкелген революция жауларын автордың сынап-мінеуі, олардың жаппай етек алған теріс пиғылды әрекеттерін жеріне жеткізе суреттеуі тек идеологиялық ыңғайда ғана емес, тарихтың өтпелі кезеңіндегі ауыр нәубеттерді шынайылықпен суреттеуге жасаған ұмтылысы деуге болады. Патша өкіметі тұсында-ақ қазақ жерін бейбастықпен билеп-төстеген орыс отаршылдары енді совет өкіметімен күрес барысында да сол бір жүгенсіздіктерін одан әрмен үдетіп жіберген. Қым-қиғаш соғыстың сылтауымен қорғансыз қазақ халқының төбесіне қан шашыратқан атамандар мен ақ гвардияшылдардың қылықтары қасірет болып үйірілді.

Қаншама жылдар бойы азаттықты аңсаған қазақ зиялыларының кеуделерінде Қазан төңкерісімен бірге үміт оты да оянған болатын. Осы түпкі мақсаттарын жүзеге асыру үшін көзі ашық оқыған азаматтар екі түрлі бағытта іс-әрекетке кіріскен. Оның бірі - қантөгіс арқылы жаңадан орнап жатқан Кеңес өкіметінің езілуші бұқараға берген уәдесін пайдаланып, таптық күресті ұлт-азаттық күреспен ұштастыру. Екінші топтағылардың мақсаты – большевиктер билігін орнатуға тікелей атсалыспастан, тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің негізін құру. Алғашқы азаматтардың ішінде Сәкен Сейфуллин де жүрді. Жай жүріп қана қоймай, Кеңес өкіметінің тірегі Совдепті ұйымдастырушылардың бірі болды. Солай бола жүріп, большевиктер партиясының бағдарламасы бойында түптің түбінде қазақ халқының толық азаттыққа

қолы жететініне сенді. Ал екінші топтағылар уақытты босқа жіберместен осынау саяси-тарихи аласапыран кездегі негізгі мәселе таптық күрес емес, езгідегі туған жұртқа саяси тәуелсіздік әперу деп білді. Сөйтіп олар шамалары келгенше өздерінің саяси партияларын құрып, өз өкіметтерін орнатуды жөн көрді. Осынау ұлттық мүддені көздеген партияны «Алаш» деп, ал үкімет «Алашорда» деп аталды.

Кеңес өкіметінің белсенді түрде қолдаушы қайраткері ретінде Сәкен Сейфуллиннің алаштықтарды қабылдай алмай, сынап-мінеуі, олардың бүкіл іс-әрекеттерін жоққа шығаруға тырысуы заңды да болатын. Романның көптеген жерлерінде автордың осындай субъективтік пікірлері, эмоциялық көңіл-күйі көрініс тауып отырады.

Бұл туындыда ел үшін жүрген белсенді қайраткерлердің арасында өзара алауыздық, келіспеушілік мәселелері де назардан тыс қалмайды. Ұлттан шыққан қайраткерлердің көздейтін түпкі мақсаттары біреу. Ол – ғасырлар бойы патшалық Ресейдің езгісінде болып келген қазақ жұртының шын мәніндегі азаттыққа қолын жеткізу. Осынау игі мақсат жолындағы амал-әрекеттері де, игеруге тиісті саяси-әлеуметтік салалары да бірдей. Барлығы да қазақтың саяси тәуелсіздігін, жеке автономия болуын, оқу, білім, жер, дін, экономика, сот мәселелерінің толығымен шешілгенін мақсат етеді. Бірақ түпкі мүдделері және оларды іске асыру амалдары ұқсас болғанымен, өзара келіспей қалатын жерлері аз емес. «Алаш» партиясы құрылысымен, көп ұзамай Қазақстанның солтүстік аймақтарында «Үш жүз» партиясы құрылады. Бұның да мақсаты алаштықпен бірдей. Үш жүз партиясы жасалғаннан Алаш партиясының басындағыларды боқтай, сөге түрегелді» деп жазады кітап авторы [12]. Бұдан әрі қарай ортақ мақсат көздеген екі ұлттық партияның бір-бірімен ешқандай мәмілеге келе алмай, ақыр соңында екеуінің де бірінен кейін бірі өмір сүруін тоқтатқаны айтылады. Ақыр соңында екі партия өзара соғысып жатқан орыс билеушілерінің құрбандығына айналады.

Сөйтіп, «Тар жол, тайғақ кешу» кезінде еңбекші халықтың саяси жағынан жетіле түсуіне, оң-солын жедел танып, уақыт жүрісінен қалыспай алға баса беруіне көп септігін тигізген таңдаулы рухани қазынаның бірінен саналады. С.Мұқановтың оны «бір жағынан тарих, екінші жағынан саяси оқулық, үшінші жағынан оқушыны өзіне еріксіз тартып отыратын өте көркем шығырма» деуі тегін емес.

С.Сейфуллиннің мол әдеби мұрасының қомақты бір саласы – әр жылдары, әртүрлі тақырыпта жазған поэмалары. Жинақтай алғанда, оның талантты қаламынан туған: «Советстан», «Көкшетау», «Аққудың айырылуы», «Альбатрос», «Қызыл ат», тағы басқа туған даламыздың шежіресі іспетті дүниелер [13].

Ақын «Көкшетау» поэмасында сонау ерте кездегі көшпелі халықтардың арасында болған бір қанды шайқасты сипаттай отырып, оқырмандар назарын қатардағы қарапайым адамдардың тағдырына аударады. Шынайы сүйіспеншілік сезімінің, адамгершілік қасиеттің қашанда өктемдік, қиянат-қысымынан жоғары тұрғанын әңгімелейді.

Халық аңыздарын зерттей отырып, ақын осы поэмасында Арқаның көрікті жері – Көкшетауды ел тарихымен, оның ізгілік жолындағы күрестерімен байланыстыра жырлайды. Мағжан Жұмабаев шығармаларында, әсіресе, оның «Батыр Баян» поэмасында табиғат ылғи қара жамылған қасіретті күйінде көрінсе, Сәкен «Көкшетауда» табиғаттың ашық көркем күйін жаңа адамдардың жарқын болашағымен байланысты суреттейді:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.  
Жан-жақтан ертелі кеш бұлттар келіп,  
Жүреді біліп-кетіп есен-сауын.  
Сексен көл Көкшетаудың саясында,  
Әрқайсы алтын кесе аясында.  
Ауасы дертке дауа, жұпар исі -  
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?  
Ырғалған көкке бойлап қарағайы,  
Қасында көк желекті аппақ қайың.  
Жібектей желмен шарпып төңіректі,  
Балқытып мыс қылады иіс майы.

Поэманы оқып отырғанда Сәкеннің негізгі ойы – Көкшенің көркем табиғатын жырлау болғандығын байқау қиын емес. Ол қандай уақиғаны әңгімелесе де Көкшетаудың табиғат байлығымен, көлінің, тауының әсем көріністерімен байланыстырып, соған меңзей отырады. Кейде ол өзінше тауға, шыңға, көлге портрет, мінездеме береді. Жеке батырды ол ұйықтап жатқан батыр күйінде:

Батырдың қырыққа таяу келген жасы,  
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды.  
Киюлі баста жатыр дулығасы, - деп бейнелесе, Оқжетпес шыңының биіктігін:  
Тілдесіп тау мен аспан сүйіседі,  
Сәлем қып бұлттар басын иіседі.  
Қиырдан келген қаңғып түрлі бұлттар,  
Бас қосып тау үстінде түйіседі, - деп суреттейді.

Шынында да, «Көкшетау» поэмасындағы С.Сейфуллиннің қолы жеткен ең басты табысы – табиғаттың сұлу көркін ерекше ақындық шабытпен әсерлі суреттеуінде. Және автор оны уақиғамен шебер байланыстырады. Көкшетау көрінісі мен ол туралы ақын әсері поэманың тек басында ғана емес, өнебойынан еркін сіңісіп, сюжетпен органикалық байланыста беріледі.

С.Сейфуллин мұнда өткен дәуірлердің ұнамсыз сыпаттарына, қатыгез хандарының озбырлықтарына әділ үкім айтты. Сондықтан «Көкшетау» біздің мәдени мұрамызға жаңа дәуір тудырған тамаша туындылардың бірі болып кірді.

Тарихи деректерге сүйенсек, Қазақстанда 1932-1933 жылдардағы аштықта 2 миллион 300 мыңдай адам құрбан болған. Қазақ елін қасіретке душар еткен осы солақай саясатты Сәкен «Қызыл ат» поэмасында батыл әшкерелеген. Сол үшін Голощекин ақынға өшігеді. Қуғын-сүргінге ұшыратып, жан шыдамас азапқа салады. Соңғы деректерге қарағанда, Сәкен 1938 жылы атылмаған. Ол Магаданға жер аударылып, сонда 1940 жылы наурыз айына дейін дін-аман жүрген. Кейіннен табылған мәліметтер мұның растығын айғақтауда [14].

С.Сейфуллиннің туған елімен қоштасқан өлеңін онымен түрмеде бірге болған, қилы азапты басынан кешіп, Сібірдің бір меніреу қиырында он бес жыл айдауда жүріп, елге оралған адам Сәкеннің туған елімен қоштасқан өлеңін елге ала келіпті:

Сәлем де Көкшетаудың биігіне,  
Баурында ойнақ салған киігіне.  
«Халық жауы» дейтұғын айып тақты,  
Қайтып кеп оралам ба үйіріме?!  
Халқыма оқ атқам жоқ, атпаймын да!  
Халқымды сатқамын жоқ, сатпаймын да!  
«Халық жауы» дейтұғын айып тақты,  
Білемін бұл сапардан қайтпаймын да...  
Жауым деп халқым мені ойламасын,  
Сәкенін кейінгі ұрпақ есіне алсын... [15].

Бұл С.Сейфуллиннің ет жүрегі елжіреп, ел-жұртқа қапастан жолдаған қоштасу өлеңі еді.

Сәкен Сейфуллин – ел үшін еңіреген ер, ұлы тұлға, қайтпас қайсар күрескер, біздің ұлттық мақтанышымыз, оның қалдырған рухани-әдеби мұрасы да өте бай. Ол өзінің барлық өмірін мен еңбегін тек туған халқының игілігіне жұмсады. Сәкен сияқты халқының ары, абыройы болған қайраткерлерімізді қадірлеу, есте ұстау, олардың есімін келер буынға лайығымен табыстау бүгінгі ұрпақтың міндеті. Сәкен бастаған жол жалғасын тауып, бүгінгі жастарымызды жоғары технологиялар заманында көштен қалмай, саналы білім алып, еліміздің болашағы жолында еңбек етіп, тәрбиелеу тұрғысынан біз үшін алып арқау боларын, үлгі-өнеге болуына сенуіміз мол.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қараңыз: Алдажұманов Қ.С, Қасымов С.С. Сәкен Сейфуллин және Ақмола, Семей облыстарының Қазақ Кеңестік Автономиялық Республикасына қайтарылуды // Отан тарихы – 2008, № 2 (46). – 91 б.
2. Бұл да сонда. – 91 б.
3. Мальшиева М. Казахи в Сибири в период демографических кризисов (1919-1954 гг.). Диссертация на соиск... д.и.н.: 07.00.02. – Семей, 2002. – С.110
4. Бұл да, сонда. – 111 б.
5. Бейсембаев С. Ленин және Қазақстан (1897-1924жж.). – Алматы: Қазақстан баспасы, 1970. – 223 б.
6. Қараңыз: Алдажұманов Қ.С, Қасымов С.С. Сәкен Сейфуллин және Ақмола, Семей облыстарының Қазақ Кеңестік Автономиялық Республикасына қайтарылуды. - Отан тарихы. – 2008, №2 (46). – 95 б.
7. Бұл да сонда. – 97 б.
8. Валихановские чтения- 3 (Материалы научно-практической конференции). Часть 4. – Көкшетау, 1996. – С. 91.



9. Сейфуллин. Жас қазақ марсельезасы. Шығ. 1- том. – Алматы, 1985. – 63 б.
10. Алдабергенов Қ. Тарих тудырған тұлғалар // Сарыарқа самалы. – 19 тамыз, 2004 жыл.
11. Арынұлы Сағат. Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз // Ақ жол. – 14 ақпан, 2013 жыл.
12. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы, 1960. – 75 б.
13. Қараңыз: Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, 1962.
14. Қараңыз: Арынұлы Сағат. Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз // Ақ жол. – 14 ақпан, 2013 жыл.
15. Арынұлы Сағат. Сәлем де Көкшетаудың биігіне // Жас алаш. – 19 желтоқсан, 2012 жыл.

### Резюме

#### Выдающаяся личность из края Сарыарка

**Абсаттаров Р.Б.<sup>1</sup>, Шалтықов А.И.<sup>2</sup>** – член - корреспондент НАН РК,  
доктор философских наук, профессор, заведующий кафедры политологии и социально - философских дисциплин  
КазНПУ им. Абая<sup>1</sup>; доктор политических наук, профессор КазНПУ им. Абая<sup>2</sup>

В статье рассматриваются патриотическо – культурная и социально – политическое мировоззрение С.Сейфулина. Более подробно изучена его политическо – культурная деятельность. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

**Ключевые слова:** государство, автономия, партия, политика, культура, язык, декрет, край, область, казах, общество, жизнь, свобода, права.

### Abstract

#### An outstanding person from Sary-arka area

**Absattarov R.B.<sup>1</sup> Shaltykov A.I.<sup>2</sup>** - Head of the department of political science and social and philosophical disciplines,  
KazNPU named after Abay, doctor of philosophical sciences, professor, corresponding member of the National Academy  
of Sciences of RK<sup>1</sup>; doctor of political Sciences, Professor KazNPU named after Abay<sup>2</sup>.

The article discusses the patriotic – cultural and socio – political ideology of S.Seifulin. More in detail researched his political and cultural activities. At the same time in article is paid the attention to debatable questions.

**Key words:** state, autonomy, party, politics, culture, language, decree, area, region, Kazakh, society, life, freedom, rights.

МРНТИ 11.25.43

## ПРАВОВОЙ МЕНТАЛИТЕТ В КАЗАХСТАНЕ: ПОЛИТОЛОГИЧЕСКОЕ ОСМЫСЛЕНИЕ

**Абсаттаров Г.Р.** – кандидат политических наук,

зам. директора института филологии и полиязычного обучения КазНПУ им. Абая

В статье рассматриваются актуальные вопросы правового менталитета в Казахстане, которые еще не изучены в политической науке. Вместе с тем, в статью уделено внимание и дискуссионным вопросам.

**Ключевые слова:** государство, право, политика, закон, менталитет, нигилизм, сознание, правовая культура, система, анализ, критерия.

Проблема исследования правового менталитета, и выяснения места и роли его в структуре правовой культуры Казахстана является чрезвычайно актуальной, интересной и перспективной для науки. При этом, его сущность, характер взаимодействия с другими явлениями представляются не менее интересными – тем более, что данный вопрос практически не рассматривался в политической науке.

К сожалению, понятие «менталитет» по существу, не разрабатывалась в казахстанской политической науке применительно к правому сознанию, праву. Правовое сознание населения представляет собой «совокупность взглядов на действующее право, на существующие правовые нормы.

Правосознание граждан, их отношение к закону... определяет правовая культура, отражающая сложившиеся в обществе юридические нормы» [1].

Следует сказать, что правовой менталитет стал рассматриваться в качестве самостоятельного предмета исследования в науке сравнительно недавно. Политологический анализ имеющихся в научной литературе определений правового менталитета характеризует о том, что в понимании самой его сути в целом нет серьезных разногласий, а есть только разница в текстуальном.

Понятие «правовой менталитет» является одним из основных проблем теории правовой культуры в Казахстане. Это в первую очередь связано с тем, что без данного понятия политологическое исследование глубинных структур правовой культуры, идейно – политологических основ правового сознания

индивида, социальной группы, общества затруднено. Для того, чтобы выявить специфику правовой культуры Казахстана, требуется не только праворациональное объяснение, но и интуитивное проникновение в исходные элементы правовой сферы социума. При этом без правовой ментальности последнее невозможно, ибо как раз правовой менталитет включает в себя систему образов и представлений социальных групп. Кроме того, понимание законодателям, правоприменителем сущности правового менталитета нации, народности, национальных и этнических групп делает их юридически – политически значимые действия обоснованными и поддерживаемыми населением. В случае движения законодательного и правореализующего правового сознания в сторону целенаправленного познания политическо – юридической ментальности казахстанского общества правовое, политическое поведение и юридические, политические акты государства станут более «осозаемыми» и понятными для казахстанцев.

Следует сказать, что говоря о культурно – историческом и духовном статусе правового менталитета в Казахстане, следует подчеркнуть его определенную автономность по отношению к правовому сознанию. Правовая ментальность в Казахстане не тождественна последнему, сохраняет особенную идентичность, бережет свои богатые, неисчерпаемые внутренние душевные силы. Наличие у правового менталитета имманентной рефлексии по поводу собственного места в ряду других правовых, политических феноменов Казахстана показывает его культурную и духовную самобытность принятой народом порядка, основанного на обычном праве. Обычное право в Казахстане «возникло в глубокой древности, связано с условиями кочевого общества. Ни одно человеческое общество не может существовать без определенного порядка, соблюдение которого является обязательным. За нарушение его следовало наказание. Вот это и есть право, установленное правящей частью общества» [2].

Здесь важно сказать, что понятие «правовой менталитет» в Казахстане не должно подменять понятия правового сознания казахстанцев. У казахстанского правового менталитета свое особенное место в идеологических структурах правового сознания, что связано с социальными, этническими, религиозными, научными, культурными и иными стереотипами, доведенными до автоматизма действиями казахстанских людей, самобытностью их включенности в тот или иной социум и т.д. В системе элементов правового сознания правовая ментальность казахстанцев предстает в виде его глубинного слоя, в определенной мере смыкаясь с правовым, политическим бессознательным уровнем, с юридическим, политическим подсознанием. Правовая ментальность людей - это политическо – правовая система мыслей, верований, навыков духа, создающая относительно целостную картину мира», [3] права и скрепляющая единство культурной, правовой традиции общества и воспроизводящая правовых, нравственно – политических ценностей.

Надо отметить, что правовой менталитет казахстанцев в его содержательной специфике, с одной стороны, является продуктом долгой кристаллизации обстоятельств и форм жизни поколений Казахстана, результатом сложного переплетения факторов самого различного характера. С другой стороны, он в каждый исторический момент Казахстана оказывается некой заданной предрасположенностью, системной установкой, находящих свое отражение во всех составляющих казахстанской правовой культуры. Правовой менталитет казахстанцев есть тот умственный стержень, при помощи которого правовая культура казахстанского общества этнически «пульсирует», функционально обеспечивает собственную культурную самость. В этом случае правовая культура как раз и предстает как качественное правовое состояние Казахстана.

Мы придерживаемся точки зрения, согласно которой правовой менталитет казахстанцев придает правовой системе страны ее неповторимое лицо. При этом можно указать на следующие важнейшие черты, признаки, характеризующие правовой менталитет казахстанцев: он выражает соответствующий образ восприятия, оценки, переживания, в общем, осмысления правовых реалий, который является важнейшей основой правовой культуры Казахстана, пронизывает все ее элементы; определяет базовые параметры правового сознания и правовой действительности Казахстана, в том числе, образует духовно – психологическую основу положительного права, является своего рода культурной парадигмой отражения юридической действительности; предопределяет в содержательном и функциональном плане культурологическую, политологическую специфичность конкретной правовой культуры Казахстана, а также выступает средством ее познания; представляет собой этноправовой инвариант правовой культуры Казахстана, «хранитель» юридической, нравственно – политической традиции казахстанского общества; выражая системообразующие духовно – интеллектуальные константы, обуславливает способность различных элементов правовой системы казахстанского общества к постоянству, устойчивости в различные периоды ее развития (в том числе кризисные); обеспечивает интеграцию личности казахстанца в правовую, общественно – политическую жизнь конкретного нашего общества.

Следует отметить, что казахстанская правовая культура является уникальной [4] для мировой правовой практики. Вполне очевидно, что в этом случае дает основания говорить о связующем положении казахстанской правовой культуры по отношению к западной и восточной, европейской и азиатской, ее самобытности. Специфическое (геополитическое) положение Казахстана в цивилизационно – мировом пространстве закономерно предопределяет то, что и казахстанскую правовую культуру в целом оказывается невозможно отнести ни к западной, ни к восточной, ни к европейской, ни к азиатской. С учетом изложенного, как нам представляется, на сегодняшний день вполне оправданно считать казахстанскую правовую культуру как новый, самобытный тип современных правовых культур Евразии.

В связи с этим, надо сказать, что правовой менталитет казахстанцев рожден не внутренней духовной природой степи, а его социально – политической природой, общностью совместного хозяйствования на казахской земле. Он сформирован всем укладом хозяйственной, общественно – политической жизни многонационального, многоконфессионального Казахстана.

Политическо – правовая природа менталитета казахстанцев предполагает наличие в его структуре таких базовых правовых, политических ценностей как свобода, равенство, правда, справедливость и т.д.

Об этом свидетельствуют результаты политологического анализа системы правовых и нравственно – политических ценностей населения Кызылординской области, проведенных социологических опросов кафедрой политологии и социально – философских дисциплин КазНПУ имени Абая (2012 г.), 150 респондентов). Во-первых, на протяжении последних лет наиболее важными для жителей Кызылординской области стабильно остаются такие нравственно – политические критерии личности как справедливость, свобода, честность, правдивость, порядочность, уважение к родителям, близким и коллегам. Во-вторых, сравнительно слабым математическим ожиданием отличаются соблюдение законов (законопослушность), уважение к чужой собственности, выполнение гражданских обязанностей, что свидетельствует о небольшой ценности указанных явлений для жителей области. Примечательно, что каких – либо возрастных различий в оценке важности нравственно – политических и правовых ценностей в ходе научно – политологического анализа не выявлено.

Как мы полагаем, что представленный политологический анализ еще раз подтвердил, насколько глубоко и прочно в обыденном правовом сознании жителей Кызылординской области заложены нравственно – политические критерии традиционной правовой культуры. При этом как известно, источниками ценностей выступают правовые нормы, в данном случае, нормы правового обычая казахов [5].

Следует сказать, что активную роль правового менталитета в Казахстане мы можем наблюдать в сохранении и воспроизводстве такого противоположного по своей сущности социально – политическо – правового явления как правового нигилизма в государственно – правовой, политической сфере казахстанского общества, характерные для правового сознания казахстанцев.

В связи с этим, можно констатировать, что правовой нигилизм в стране как отрицание существующих правовых, политических ценностей, правовых, политических норм, правил и правовых, политических идеалов, то есть правовой, политической системы страны в целом, это есть явление социально – политическое. Он возникает вместе с правом, политикой и существует в рамках права и политики.

Изучение правовой культуры Казахстана свидетельствует о существовавших нигилистических тенденциях в казахстанском правовом сознании на всех исторических этапах его развития.

Своеобразие правового нигилизма в Казахстане заключается в том, что правовой нигилизм питаются юридическим невежеством, деформированным правовым сознанием, дефицитом политико – правовой культуры и т.д. Кроме того, мы полагаем, что правовой нигилизм связан с многими факторами социально – политического бытия народа Казахстана.

Следует отметить, что правовой менталитет на переходных этапах общественного развития Казахстана играет существенную роль в признании или признании казахстанским обществом предлагаемых государством правовых, политических норм, ценностей, правовых, политических институтов, правовой, политической системы в целом.

Вполне очевидно, что правовой менталитет казахстанцев сформирован всем укладом общественно – политической, хозяйственной жизни многонационального, многоконфессионального Казахстана. Поэтому, правовой менталитет казахстанцев – это исторически сложившиеся ценности – правовые, нравственно – политические ориентации казахстанского социума и личности казахстанца, позволяющие объяснять и оценивать реалии социально – политической действительности.

В заключении, следует сказать, что правовой менталитет в Казахстане во-первых, является глубинным слоем правового сознания, непосредственно смыкающимся с правовым бессознательным. Тесная связь с правовым бессознательным придает правовому менталитету консервативность, обеспечивает его

способность выполнять функцию стабилизации, консервации качеств общественного правового сознания, а вместе с тем, и всей правовой системы страны. Во-вторых, правовой менталитет казахстанцев определяет культурно – политический облик всей правовой системы страны, придает всем ее элементам особенные качественные черты, признаки, которые устойчиво воспроизводятся на протяжении всего существования казахстанской правовой системы. Правовой менталитет казахстанцев также предопределяет качественную специфику функционирования казахстанской правовой системы и составляющих ее элементов. В – третьих, с учетом описанных свойств правовой менталитет казахстанцев можно рассматривать в качестве основополагающего критерия для разграничения казахстанской правовой культуры, выделив ее как новый, уникальный тип – казахстанской правовой культуры Евразии.

**Список использованных источников:**

1. Большая актуальная политическая энциклопедия. – М.: Эксмо, 2009. – С.254.
2. Кишибеков Д.К. Ментальная природа казаха. – Алматы: НИЦ «Фильм», 2005. – С.151.
3. Философский словарь. – Киев, 2006. – С.549.
4. См.: Абсаттаров Г.Р. Сущность правовой культуры населения Казахстана в контексте политического процесса // Вестник КазНПУ. Серия социологические и политические науки. – 2016, №4. – С.9 – 12.
5. См.: Смагулова А.С. Казахское обычное право: принципы и их роли в регулировании отношений в обществе // Проблемы современной науки и образования. – 2016, №3. – С. 137-140.

**Түйін**

**Қазақстандағы құқықтық менталитет: саяси ұғыну**

**Әбсаттаров Г.Р.** – саяси ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы филология және көптілді институты директорының орынбасары

Мақалада саяси ғылымда әлі де жете зерттелмеген қазақстандағы құқықтық менталитеттің өзекті мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ мақалада дискуссиялық мәселелерге көңіл бөлінген.

**Түйін сөздер:** мемлекет, құқық, саясат, заң, менталитет, нигилизм, сана, құқықтық, мәдениет, жүйе, талдау, өлшем.

**Abstract**

**The legal mentality in Kazakhstan: political understandings**

**Absattarov G.R.** – candidate of political Sciences, Deputy Director of the Institute of Philology and multilingual education, KazNPU named after Abay

In the article are considered topical issues of legal mentality in Kazakhstan which is still insufficiently studied in political science. At the same time in article is paid the attention to debatable questions too.

**Key words:** state, right, politics, law, mentality, nihilism, consciousness, legal culture, system, analysis, criteria.

# МЕРЕЙ ТОЙ ЮБИЛЕЙ

---

## МЕРЕЙ ТОЙ 50 ЖАС ПАРАСАТТЫ АЗАМАТ



Саясат адамзат өркениетінің бөлінбес бөлігі болып табылады, онсыз қоғамның, тұлғаның өмір сүруінің әлеуметтік прогресі мүмкін болмас еді. Адамзат өмірі дамуының өзекті, шешуші мәселелері түгел дерлік саясатпен байланысты. Саясат олардың мақсат-міндеттерін және құндылықтарын іске асырып, шындыққа айналдырудың негізгі құралы мен тетігі болып табылады. Саясаттың әлеуметтік міндеті қоғамдық дамуда әділ әлеуметтік тәртіпті нығайту, мемлекеттік күштеуді тежеу және адам құқығының басымдылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Адамзат өркениетінің қазіргі эволюциясы жағдайында саясат қоғамды модернизациялаудың құралы, әдісі және жолы болып табылады. Осындай саясат қоғамдық жүйені өзгертудің, жаңартудың құралы, тәсілі және әдісі бола отыра, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларды дамытуды үнемі күн тәртібіне қояды және іске асырады.

Азамат, тұлға өз мүддесін қорғау үшін саясатты білуге міндетті. Саясатты білу, саяси белсенділік және саяси мәдениет халықтың да, биліктің де сапасын көтеруге көмектеседі. Аристотельдің пікірінше, «саясатты білетін адам әдемі өмір сүре алады».

Саясаттану адамдарға саяси қажеттіліктерін мемлекет тарапында іске асырудың жолдары мен әдістерін дұрыс тандап алуға, демократиялық тәртіптерді және қоғамдық институттарды қалыптастыруға көмектеседі. Ол саяси төзімділікті, келісімге, серіктестікке, мәмілеге келе білуді, саяси шиеленіс, дау-жанжалдарды дер кезінде шешуді, ұлтжандылықты, қоғам мен мемлекет алдындағы азаматтық парызды, жауапкершілікті сезінуге ықпал етеді.

Бүгінде осындай саясаттану ғылымының өмірлік шындықтан, оны жан-жақты терең және дәлелді талдануынан туындайтын ғылым екенін, осы салада өз еңбектерімен айшықтап жүрген ғалымдарымыздың бірі - қазақ қызы Сейсен Найля Бақытбекқызы.

Сейсен Найля Бақытбекқызы 1966 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген.

Ол текті отбасынан шыққан азаматша. «Қазақ ата көрген оқ жанады, ана көрген тон пішеді», - дейді. Еліміздің тәуелсіздікке қолы жетіп, оңымыз бен солымызға көз тастап, өткенге барлау жасағанда текті сөз тегін айтылмайтын шығар деп ойлаймыз.

Өйткен, оның әкесі философия ғылымдарының докторы, профессор Сейсенов Бақытбек Сейсенұлы, бүкіл өмірін жастарға білім беру мен ғылымға арнады.

Бақытбекті мен Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып жүрген кезінен бастап білемін. Сол кезде мен де осы университеттің аспирантурасында оқитын едім. Бәкең - менің тануымда айдыңды азамат, педагог, ғалым.

Киев университетінің аспирантурасында оқып жүрген кезінде Бақытбек өзін жақсы жағынан танытты. Еңбекқор еді, достарын құрметтеп сыйлай білетін ұлтжанды азаматтың бірі. Әрине ауылдан шығып, ұстаздықтан ғылымның шыңына шығу - философия ғылымының докторы, профессор болу оңай емес. Ұстаздық қызметті ғылыммен ұштастыру қиынның қиыны. Бақытбек сол қиындықтарды жеңе отырып, физика, техника, математика және философия проблемаларын ерінбей-жалықпай зерттеді.

Ол еңбек жолын мектепте ұстаздық етуден бастап, Қорқыт - ата атындағы университеттің оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, профессоры, кафедра меңгерушісі, деканы болып жауапты да абыройлы жолдан өтті. Сондай-ақ, Қазақ құқық және халықаралық байланыс институтының Қызылорда филиалының директоры, Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетінің ректоры қызметтерін атқарды.

Ал анасы Күмісай да ұлағатты ұстаз болатын, отыз жылдан астам білім беру саласында қызмет етіп, көптеген шәкірттер тәрбиелеген. Қызылорда қаласындағы №140, №12 мектептерінде биология, география пәндерінен сабақ беріп зейнеткерлікке шыққанша 1 Май және №43 орта мектептерде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Не нәрсеге де болмасын байыппен қарап, байсалды, бағалай білетін Күмісай, қызметте кіші, үлкенге бірдей сыйлы, қадірлі жан болатын.

Міне, осындай адал еңбек пен адамгершілікті ту еткен, ғалым, ұстаз отбасында дүниеге келген қызына ұлы ғалым, тұңғыш академик қазақ қызы Найля Базанованың есімі берілуі тегін емес.

Болашақ мамандығын таңдауда адамға ортасы, ата-анасы, мектебі, тіпті белгілі бір адамдардың ықпал жасайтыны белгілі. Табиғатына жақын, тәрбиене бейім мамандық таңдау және сол мамандықты ғылыммен ұштастыру, оқыған мамандығыңның шыңына шығу кез-келген адамның қолынан келе бермес қасиет. Сондықтан Найля өзіне халық мақтаныш тұтатын қазақ тұңғыш академик апамызды идеал етті және де сол кісінің есімін алып жүргенін мақтан тұтты.

Біздің тарихымызда қазақ әйелдерінен ұлттық ұлы мақсаттарға қызмет етуде өлшеусіз қажыр-қайрат көрсеткен, өнегелі, тағылымды із қалдырған қайраткерлер шыққан. Солардың бірі, қазақ қыздарын оқуға, білім алуға, шақырып, игілікті ғылым жолында көп тер төккен, есімі еліміздің тарихында алтын әріппен жазылған Найля Базанова апамыз. Осындай халқымыз мақтаныш тұтатын қазақ әйелдерін ұмытпай, үлгі ете білсек, кейінгі ұрпаққа жақсы өнеге болары даусыз.

Найляның тұла бойындағы туа біткен асыл қасиеттерін бәрі де өзін дүниеге келтірілген ата-анасымен әжесінің адамгершілік асыл қасиеттерімен тікелей тамырласып жатқандығын білуге болады. Өйткені ол өзінің әсерлі әңгімелерінде үнемі аяулы Егізек әжесі жайлы тебірене сыр шертеді. КСРО кезінде бүтін бір ұлттардың қуғын-сүргінге ұшырап, қазақ еліне зорлықпен жер аударылғаны баршаға аян. Кеңес өкіметінің қаһарына ұшырап, арып-ашып келген халықтарға қазақ халқы аяушылық сезіммен қарап, үлкен жанашырлық танытты.

Осындай соғыс жылдары, соншалықты таршылық кезеңде әжесінің үш панасызды бауырына басып, асыраған. Сол сұрапыл соғыс жылдары Қызылорда жерінде де еріксіз қоныс аударылып келген басқа ұлт өкілдері көп болды. Әркім шамасына қарай тырбанып, өз күнін өзі көрген таршылық уақытта, әжесі қараусыз қалған жетім төрт жасар шешен баласы Сараны, Николай есімді орыс жігітін және түрік жігіті Сейфулланы асырап, өз балдарынан кем көрмей ел қатарына қосқан. Біздің тарихымызда асыл әжелерімізбен аналарымыздың жүрек жылуы, дархандылығы мен мейірімі қатты тебіренетеді... Осындай қамқорлықтың нәтижесінде қазақстанға жер аударылғандар тезірек аяғынан тік тұрып кетті. Зорлықпен көшірілген халықтар қилы заманда Қазақ өлкесінен пана тауып қана қойған жоқ, бастарынан қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, өздері және ұрпақтары үшін екінші Отанын тапты. Олар ездерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды, көпұлтты Қазақ өлкесінен өзіне лайықты орын тапты.

Кез келген адамның мінезі, ең алдымен, ата-бабасынан дарыған қасиетке, бойына ана сүтімен сіңген тәрбиеге байланысты. Ана сүтімен берілген сол бір мейрім шапағаты Найляның бітім болымысынан да байқаймыз. Мұны қазақ этносына тән педогогикалық жүйеде айтсақ кездейсоқ әсер емес, табиғи жалғастық, дәстүрдің нәсілінен бастау алған игі келбеті. Өнегелі өмір сабақтастығы. Осы орайдан келгенде, ата-бабамыздың оқығаны аз болғанмен де, көңіліне тоқығаны мол, ақыл парасаты мен имандылығы, бүгінгі оқығаны көп болғанмен ақыл-имандылығы әлсіз, жалт еткенге жаңылып қалғыштармен салыс-

тыруға келмейтіндігі көңілге қаяу түсіреді. Әрине айту оңай. Мәселе айтып қоюда ғана емес, оны жөндеу, дұрыс жолға салу тағатсыз талпынысты тілейді.

Осындай ортада өскен Найляның көргенді, білімді болуы заңды құбылыс деп ойлаймын. Ата-анасының қанымен берілген ұстамдылығы мен алғырлығы өзінің білімге құштарлығы оны осы дәрежеге әкелді.

Сейсен Найля Бақытбекқызы 1983 жылы Қызылорда қаласындағы №4 орта мектепті бітірген. 1984 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына түсіп, 1988 жылы «Халық шаруашылығын жоспарлау» мамандығы бойынша «Экономист» біліктілігін алды. 1988-1997 жылдар аралығында Қызылорда облысының кәсіпорындары мен мекемелерінде мамандығы бойынша әртүрлі қызметтер атқарды.

Найля Бақытбекқызы Тәуелсіз Қазақстанның негізгі кітаптарының бірі болып саналатын көп томдық «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының алғашқы төрт томының шығуына үлес қосты. Ол 1997 жылдан 2013 жылға дейін ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында бас бухгалтер қызметін атқарды. Сол кездегі жаңа форматтағы талап бойынша мекемедегі бас есепші ішкі және сыртқы келісім шарттарға, қаржы мәселесіне жауапты болатын, бұл өте жауапты қызмет еді. Өйткені, Қазақ ұлттық энциклопедиясының дүниеге келуі тәуелсіз еліміздің ғылыми мәдени өміріндегі елеулі құбылыс болды. Егемен мемлекетіміздің дербес елдігін танытатын Әнұран, Елтаңба, Ту сияқты мемлекеттік рәміздер қатарында ұлттық энциклопедияның қалыптасуы да танылды. Ол да тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы кезек күттірмес маңызды істердің бірі болатын.

2004-2006 жылдары ҚР білім және ғылым министрлігінің Философия және саясаттану институтында «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының Бас ғалым хатшысы болып қызмет атқарды. Бұл «Мәдени мұра» мемлекеттік стратегиялық ұлттық жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен қолға алынған болатын. Оның басты мақсаты – халқымыздың ғасырлар бойы қордаланған рухани байлығын барынша ғылыми електен өткізе отырып ғылыми жүйелеу арқылы оқырман қауымға ұсыну, сонымен қатар әлемдік ғылыми ойдың үздік үлгілері мен жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау болатын.

2006 жылдың шілдесінен бастап «Стратегия» Талдау орталығында сарапшысы болып қызмет атқарды. 2003 жылы өндірістен қол үзбей жүріп, Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірді.

Найля Бақытбекқызы өмірлік тәрбие жинап және ағарту саласындағы жұмыстарға белсенді араласқаннан кейін ғылым жолына бет бұрды.

Ол 2010 жылы «Қазақстан Республикасындағы саяси жаңғыртудың құндылық өлшемдері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, саяси ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Ғалым кандидаттық диссертация аясында мемлекеттік қызметтің қазіргі кезде қоғамда аса зор қызығушылық туғызып отырған саяси модернизациялау және ондағы құндылықтар проблемасы болып табылатын мәселелер кешенін терең зерделеді.

Диссертацияда жүзеге асырылған, өзінің жан-жақты терең зерттеу негізінде «Қазақстан Республикасындағы саяси жаңғыртудың құндылық өлшемдері: ұлттық және жалпыадамзаттық мәселелері» (2015 ж. - 400 б., 23 б.т., 23 б.т.) атты монографиясы жарық көрді. Автор Қазақстанда толық зерттеле қоймаған саяси жаңғыртудың құндылық өлшемдерінің мәні мен мазмұны, негізгі ұстаңымдары, оның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық ерекшеліктер мен жалпыадамзаттық мәселелеріне талдау жасалады. Сондай-ақ, Қазақстан қоғамындағы құнды үрдістерді дамытуға жаңғыртушылықтың тигізетін ықпалы және саяси жаңғыртудың жүзеге асырылуына салыстырмалы талдау жасалады.

Найля Бақытбекқызы, нағыз ғалым ретінде елдің саяси жағдайына барынша объективті баға беруге, елдегі жүзеге асырылып жатқан саяси-экономикалық дағдарысқа шынайы, сыни тұрғыда қарауға тырысты.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру және жаңғырту үрдістерін дамыту үшін Қазақстанда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, сонымен бірге, мемлекеттік биліктің жаңа демократиялық институттарын құру міндеті атқарылуда.

Демократиялық институттар мен жекеменшіктің болмауы, экономикалық және саяси дағдарыс, халықтың өмір сүру деңгейінің құлдырауы жағдайлары құндылықтар жүйесіне біршама өзгеріс әкелді. Соған орай саяси-экономикалық қайта құруды жүзеге асыру үшін мемлекетті басқарудың бағыт-бағдарын айқындауы тиіс. Осыған сәйкес, Қазақстанда, ең алдымен, елдің бірден бір топ ұлты болып табылатын қазақ халқы, Қазақстанды мекендеген барша ұлт өкілдерімен ұлтаралық келісімін құрудың ұйытқысы болуы тиіс болғанын айрықша атап өтті. Бұл мақсатқа жету үшін ақылға қонымды шараларды қабылдау қажеттілігін негіздей келе ғалым бұл жағдайларды қазақстандық қоғамды саяси жанарту үрдісінде қоғам-

дық дамудың белгілі бір үлгісін жетілдіру жалпы маңызы бар құндылықтар негізінде белгіленеді. Жалпыәлемдік мәдениет, ғасырларға созылған дәстүрлер, қазақтардың өзіне тән менталитеті саяси реформалар серпініне және оны қалыптастыруға, сонымен бірге, жалпықазақстандық менталитетті дамытуға елеулі ықпал етті және солай жалғасады, сондықтан саяси жаңғыртуды жүргізуде тұтастай алғанда, біздің еліміздің азаматтары мен әлеуметтің өмір тіршілігінің мәдениеті, дәстүрлері, сондай-ақ, өзге де экологиялық аспектілердің ықпал етуін зерттеу, сонымен бірге, қазақстандық қоғамның мәдени-құндылықты аспектілерін өзгертуге, жаңартуға саяси жаңғыртудың әсер етуін зерделеу қажет екендігін айтады.

Автордың пікірінше, осының бәрі де Қазақстан Республикасының қоғамдық өмірінің барлық саласында демократиялық мәдениетті енгізу, азаматтық қоғамды қалыптастырып дамыту, мемлекеттік билік органдарын, мемлекеттік демократияландыру бойынша саяси өзгерудің қазақстандық тәжірибесін қорытындылау, сондай-ақ, зерделеу маңызды қажеттілік екені заңдылық деп тұжырымдайды. Осы монография Қазақстанның саяси жүйесін жаңғыртуды және өзгертуді дамыту, құндылықты өлшемдегі демократияны қалыптастыру мәселелерін зерттеуге қосқан маңызды бір ғылыми үлес болып табылады деуге болады.

Найля Бақытбекқызы экономика, құқық пен саясаттану мамандығын жақсы меңгерген. Қазақстан Республикасының салық саясатының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері аясында «Қазақстан Республикасының салық саясаты: ұлттық және жалпыұлттық мәселелері» (2011 ж., 17 б.т., 259 б.) атты монографиясы баспадан шығарды. Автор ұлттық экономиканың күрделі проблемаларының шешімдерін іздей отырып, салық саясаты ұстанымдарына қарай салық салу тәсілдерінің практикалық тетігін икемді реттеу, ұштастыру жолдарын берді.

Отандық экономиканы дамытудың стратегиялық міндеттерін қабылдауға жауап іздеу мақсатында автор шетелдік тәжірибелерге де сүйенеді. Шетелдік ғалымдардың көзқарасын зерделей отырып, ғалым олардың "қуып жетуші елдер артта қалушылықтың салыстырмалы ақиқатын - абсолютті артықшылығын пайдаланулары керек" деген пікіріне назар аударады. Ұлттық экономика жаңдайын жан-жақты зерделей келе, ғалым проблемаларды тез еңсеру жөнінде қиялға берілмеу қажеттілігін де баса айтты.

Автордың пікірінше, еліміздегі саяси-әлеуметтік бағдарламаларды нарықтық экономика мен құқықтық-демократиялық мемлекет өркениетті тұрғысынан қарастырылып, саяси-әлеуметтік жағдайдың тепе-теңдігі мен тұрақтығын сақтаудағы мемлекет қазынасы - бюджетті нығайтуға және салық саясаты мен мемлекеттің фискальдық құрылымының негізгі мәселелерін талдап, салық жүйесін жетілдіруге мән беру қажет. Бұл ұлттық мақсаттарға жететін бірігей мүмкіндік деп тұжырым жасайды.

Найля Бақытбекқызы қазіргі уақытта - ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар, этносаяси қауымдастық, ұлттық және жалпы қазақстандық сана-сезім, келісім, ұлттық қарама-қайшылықтар мен оларды шешу жолдары тақырыптарын белсенді түрде зерттеуде. Бұл өзекті ғылыми бағыттар, әсіресе ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар мемлекеттің жаңа саяси бағытының біріне айналған Қазақстанның жаңа тәуелсіз кезеңімен байланысты қалыптасқан болатын.

Сейсен Н.Б. осы зерттеулерінің негізінде: «Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері: саясаттанулық талдау» (2015 ж., 320 б., 31 б.т.) атты монографиясын жариялады. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың мәселелеріне арнап жазылған алғашқы және іргелі ғылыми еңбек. Соңғы жылдары қоғамдық саяси және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді заманауиландыру кезеңінде, «жаңаша жаңғырту» тұжырымдамалары пайда болған кезеңде этносаралық және конфессияаралық қатынастарды тиісті ғылыми-теориялық негізде этноұлттық саясатты жаңаша жаңғырту үдерісгері аясында он тәжірибені қолданып, сабақтастық пен дамуды сақтай отырып, заңды түрде қарастырған жөн.

Автордың пікірінше, сонда ғана қоғамның нақты салаларын реформалау саясатының тәсілдерін, принциптерін, мақсаттары мен міндеттерін анықтауға болады. Тек осылай ғана этносаралық және конфессияаралық қатынастардың дамудың күрделі құбылыстары мен үдерістерінің шынайы көрінісін көруге болады. Мұндайда адам мен қауымдастықтар, этностар мен қоғам, ұлт ретіндегі этностар, конфессиялар мен азаматтық қауымдастық ретіндегі ұлт-мемлекеттер туралы білімдер сабақтастырылады.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастардың түрлі деңгейлерге тән, көп бағытты және көп компонентті сипаттары мол. Сондықтан автор бағалау межелеуіштерінің ішінде-әлеуметтік-экономикалық ахуал; әлеуметтік-саяси ахуал; тілдік ахуал; азаматтардың өзін-өзі сәйкестендіруі мәселелері; этностық қоғамдастықтар мен топтардың қоғамдық үдеріске қосылғандығы ескерілуі қажеттігі айтылады.



Осы күрделі монографияда автор, Қазақстанның көпэтносты қоғамындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың дамуының теориялық тұрғыдан негізделген, тәжірибемен қорытындыланған Қазақстан Республикасы саясатында жүзеге асқан үлгісін (моделі) ғылыми тұрғыда қарастырады. Қазіргі проблемаларды әділдікпен көрсете отырып, түрлі этностар мен конфессиялардың өзара ықпалдасуы жолындағы қазақстандық тәжірибені ашық зерделеді. Осындай озық ойлы ғалымның зерттеулері қазіргі күні өзінің өзектілігі мен маңыздылығын сақтауда.

Сейсен Найля Бақытбекқызы отыз жылдық қызметіндегі, 15 жылдан астам уақытын ғылым мен білім беру саласында қызмет етуде. Ол 30-ға жуығы шетелдерде жарық көрген 100-ден астам ғылыми мақалалар мен төрт монографияның авторы. Сонымен қатар, оның магистранттарға арналған бес оқу-әдістемелік нұсқаулықтары жарық көрген.

Салмақты ой-түйіндерге толы еңбектері орыс, ағылшын, ұйғыр, кәріс және тағы басқа тілдерге аударылған. Германияда 0, 24-0,32 деңгейдегі (Impact faktor) жинақта 2 мақаласы мен Web of Knowledge (Thomson Reuters, АҚШ) халықаралық ақпараттар қоры мен Scopus дерекқорына (Elsevier.Нидерланды) кіретін ғылыми басылымда мақаласы жарық көрген.

Қазіргі кезде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры міндетін атқарады.

Ол білім мен тәжірибе біте қайнасқанда ғана жауапты істің жігі қанығын ұқты. Оқу әдістемелерін шыңдап, аудиторияда сөйлеу мәнерін игеріп, тәрбиелік жұмыстардың тәліміне терең бойлап, магистрлердің сеніміне, ықыласына бөленді. Ұстаз шеберлігінің бір ұшы жүйелі ғылыми жұмыста жатқандығына ерте көз жеткізген ол оқыта жүріп үйренді, үйрете жүріп оқыды. Бұл қасиет оның кәсіби қағида-сының өзегіне айналды.

"Шәкіртсіз ұстаз ..тұл" деген халық қағидасын ұстанған ғалым жолында жүрген шәкірттерінен қамқорлығын аямайды. Өзі жеткен жетістіктер мен асуларға әрдайым шәкірттерін де жетелеп, жан тәнімен бағыт бағдар беріп, үнемі биіктерге қарай сүйреп жүреді. Сейсен Н.Б. «Қазақстан мен Венгрияның саяси жаңғыруы мәселелері: салыстырмалы талдау» тақырыбына докторлық диссертация қорғаған және ҚР ЖАК бекіткен PhD докторант С.А. Жанкулиеваның қосалқы жетекшісі болды. Сонымен қатар кафедраның он бестан астам, оның ішінде үшеуі шетелдік магистранттарына ғылыми жетекшілік етті.

Сейсен Н.Б. университеттік, республикалық және халықаралық гранттық зерттеулерді орындады және орындап келеді.

Ол шетелдік «Politische und philocphische Grundlagen des Multikulturalismus», Берлин 2011-2014 жж., атты ғылыми жобаға қатысты және 2013-2015 жж. Абай атындағы ҚазҰПУ «Қазақ даласының әлеуметтік-саяси ойшылдары» жобасына қатысты.

Сейсен Н.Б. көптеген республикалық және халықаралық конференцияларға қатысқан. Ол ұлт пен диаспора мәселесін зерделеген ғалымдардың бірі. Екі рет ғылыми баяндама жасауға халықаралық конференцияға Оңтүстік Кореяға шақыртылып, Чоннам университетінде дәрістер оқыды. Ол халықаралық және республикалық сертификаттардың иегері.

Найля Бақытбекқызы 2013 жылдан бастап Оңтүстік Кореяның Бүкіләлемдік глобальдік диаспоралар Қауымдастығының халықаралық қатынастар бөлімінің директоры.

Найля Бақытбекқызы университеттің рухани мәдени, әлеуметтік өміріне, тәрбие жұмыстарына белсене араласады.

2011-2014 жылдар аралығында Абай ат. ҚазҰПУ ХАБАРШЫСЫ. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы (КНАСОН) журналының бас редактордың орынбасары, 2014 жылдан бастап редакция алқасының мүшесі.

Ол еңбек атқаратын кафедрада шетелдердің көптеген ғылыми мекемелерімен ынтымақтастық орнатқан. Осындай ынтымақтастықтың нәтижесі өткілген халықаралық семинарлар, дөңгелек үстелдер, ғылыми конференциялар, симпозиум мен кітап шығару болып табылады. Найля Бақытбекқызы кафедра менгерушісінің халықаралық байланыстар жөніндегі көмекшісі болғандықтан, осындай университетіміздің тірлігіне белсене араласып, оның көркеюіне, көрсеткішінің өсуіне, көптеген шаралардың жүзеге асуына өзіндік үлесін қосуда.

Сейсен Найля Бақытбекқызы Қазақстан Республикасының ғылым мен білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі, ғылыми зерттеу жұмыстарына белсене қатынасқаны және тәрбие жұмыстарына қосқан зор үлесі үшін «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің «Шоқан Уалиханов» медалімен және Құрмет грамотыларымен марапатталды.

Найля Бақытбекқызы тәуелсіз Қазақстанның болашақ жолы "Мәңгілік ел" идеясын жүзеге асыруда әлі де өз үлесін қосып, еліміздегі саясаттану ғылымының қарыштап ілгеруіне, әлемдік деңгейде танылуына зор еңбек сіңіріп келеді.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың: "Ұстаз - тумасынан өзіне айтылғанының бәрін жетік түсінген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зирек ақыл иесі өте шешен, өнер білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек" - деп, ұстаз тұлғасына берген осы бір парасатты да пайымды сөздері Найля Бақытбекқызының болмысына дөп келеді десек қателеспеген болар едік.

Қазақ қыздарын халқымыз қашан да мақтан тұтып, марапаттауды да өзінің ар-намысы деп санаса, Найляның өнегелі өмірі оны барлық жағынан дәлелдеп отыр. Оның осындай бойындағы тектілік, таза-лық, мамандық пен қызметке деген адалдық қасиеттері ғылым жолында жүрген жастарға, барлық қазақ қыздарына керемет үлгі өнеге, тәлім тәрбие. Мұның бәрі "Ізгі іс етсең - текті тірлік сүйгенің" деген халық даналығын айғақтайды.

Найля Бақытбекқызы үлгілі зиялы отбасының ірге тасын қалаушы қадірлі ана. Қызы Арайлым-әлеуметтану ғылымының магистрі, қазіргі кезеңде Түркияда жолдасымен бірге қызмет етуде. Ұлы Қожа - Ахмет қазақ түрік лицейінде 10 сыныпта оқиды.

Біз мерейлі елу жылдық тойдың мерекелі де, еңбектің берекелі болуын тілек ете отырып, қаулап өсіп келе жатқан қыз-келіншектердің ғылым жолындағы ізденісін қолдап, тәуелсіз еліміздің игілігі үшін жаңа арнаға, асқар биіктерге бастай береді деген сеніміміз мол.

**Раушанбек Әбсаттаров –**  
*ҚР ҰҒА корреспондент – мүшесі, философия ғыл., профессор*